ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**
Қолжазба құқығында

**Әжімет Ғұламбек Бахмаханбетұлы**

# ХАЛЫҚПЕН ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ СҰХБАТТАСУ РЕЖИМІНІҢ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ (ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ САЙРАМ АУДАНЫ МЫСАЛЫНДА)

«Өңірлік даму» (MRD) білім беру бағдарламасы
«7М041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша

Өңірлік даму магистрі дәрежесін алу үшін
магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: ________________э.ғ.д., профессор Т.С. Баймуханов

Жоба қорғауға жіберілді: «____»____________________ 2021 ж.

Басқару институтының директоры: ______________ э.ғ.к.Р.А.Турчекенова

**Нұр-Сұлтан, 2021**

# Аннотация


Бұл магистрлік жобаның тақырыбы: «Халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимінің әдістерін жетілдіру (Түркістан облысы Сайрам ауданы мысалында)».

Аталмыш магистрлік жобаның бірінші тарауында «халық», «жергілікті атқарушы орган», «мемлекеттік қызметші», сондай-ақ «сұхбаттасу режимі әдістері» ұғымдарының халықаралық құқық және ұлттық құқық жүйесінде туындап, қалыптасуы мен дамуының тарихи-құқықтық негіздері және аталған ұғымдар туралы заң ғылымы мен гуманитарлық ғылымдарының жүйесіндегі зерттелген тұстары сараланды.

Екінші тарауда жергілікті билік пен халықтың сұхбаттасу режимінің халықаралық тәжірибе контексінде талдау жасалынды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары, оның ішінде Түркістан облысы, Сайрам ауданына қарасты Қарабұлақ, Қарасу және Манкент ауылдық әкімшіліктері қызметінде жергілікті халықпен сұхбаттасу режимінің аясында өзекті мәселелері бойынша жүзеге асырылған іс-шаралар (іс-әрекеттер) жүйесі қарастырылды.

Қорытынды бөлімінде жоғарыда аталған жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қызметкерлерінің жергілікті халықпен өзара сұхбаттасу режимін әдіс-тәсілдерін жетілдіру әрі жандандыру бойынша тәжірибелік маңызы бар ұсыныстар мен тұжырымдар жасалды.

Магистрлік жобаның көлемі – 36 пайдаланылған әдебиеттерді қосқанда 60 бетті құрайды.

## Мазмұны

Аннотация........................................................................................................ 2

Мазмұны.......................................................................................................... 3

Нормативтік сілтемелер.................................................................................. 4

Анықтамалар.................................................................................................... 5

Қысқартулар мен белгілеулер......................................................................... 7

Кіріспе................................................................................................................ 8

Қорытынды...................................................................................................... 61

Пайдаланылған дереккөздер тізімі................................................................ 64

Қосымшалар.....................................................................................................67

Аналитикалық жазбахат.................................................................................73

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1 «Қазақстан Республикасының Конституциясы». Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
2 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы.
3 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V.
4 Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 Жарлығы.
5 «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығы.
6 «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 27 маусымдағы № 211-V.
7 «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V.
8 «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI.
9 «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V.
10 «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 390-V.
11 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 Заңы.
12 «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы N 107 Заңы.
13 Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI.

## Анықтамалар

Магистрлік жобаны жазу барысында келесідей ұғымдық тіркестер мен терминдерге берілген анықтамалар пайдаланылды:

халық (тұрғындар) – қандай да бір аумақта тұрақты дамыған немесе бүкіл жер шарын жайлаған адамдар жиынтығы.

Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық.

Жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

Әлеуметтік әріптестік – жұмыскерлер (жұмыскерлердің өкілдері), жұмыс берушілер (жұмыс берушілердің өкілдері), мемлекеттік органдар арасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша олардың мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған, тең құқықты ынтымақтастыққа негізделген өзара қатынастар жүйесі.

Өтініштерді қарайтын субъектілер (бұдан әрі - субъектілер) - мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттің қатысуы жүз процентті құрайтын не мемлекеттік тапсырыс және (немесе) мемлекеттік сатып алу шарттарына сәйкес тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұсынатын, өздерінің құзыреттеріне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша оларға тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) жеткізуге (орындауға, көрсетуге) шарт жасасқан ірі кәсіпкерлік субъектілері.

«Халық» ұғымының конституциялық құқық ғылымында екі бірдей мағынасының белгіленгендігін, яғни «халық» эмприкалық ұғым – азаматтардың жиынтығы ретінде нақты халық, «халық» теориялық ұғым –

абстрактілі адамдар заңды тұлға әрі заңды мән ретінде, біртұтас өткен және болашақ ұрпақтармен ортақ тағдырмен байланысты тарихи тұтастық.

Мемлекеттік басқару дегеніміз азшылықтың көпшілікті басқаруы деп түсінуге болады.

Мемлекеттік лауазым» деп арнайы нормативтік құқықтық актілермен регламенттелетін құқықтық актілермен және құқықтар, міндеттер, тыйым салулар шеңберін нақты белгілейтін, өз міндеттерін заңды жауапкершілікпен орындауға міндетті мемлекеттік билік органдар мен аппараттағы лауазымдар деп түсіну керек.

Халық – тарихи-құқықтық негіздері мен себептері бойынша белгілі бір аумақта өмір сүріп келе жатқан, белгілі бір мемлекеттегі мемлекеттік биліктің бастауы ретінде танылған тұрғындардың жиынтығы.

Жергілікті атқарушы органдар – белгілі бір мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөлінісінде (облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық) өз құзыреттері мен өкілеттіліктері арқылы өзіндік құқықтарын пайдаланатын, сондай-ақ жеке міндеттерін атқаратын мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің жиынтығы.

Мемлекеттік қызметшілер – белгілі бір мемлекеттің мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда мемлекеттік саяси қызмет пен мемлекеттік әкімшілік қызметті атқаратын лауазымды жеке тұлғалар мен жалпы мемлекеттік қызметшілердің жиынтығы.

Сұхбаттасу режимінің әдістері – белгілі бір мемлекеттегі халық пен саяси биліктің, оның ішінде атқарушы биліктің арасындағы қоғамдық қатынас жүйесі арқылы сұхбаттасу режимінің қағидалары мен ережелері (яғни саяси, құқықтық, мораль, этика және өзге әлеуметтік нормалар жиынтығы) негізінде саяси-әлеуметтік коммуникация (БАҚ, барлық әлеуметтік желілер, қоғамдық ұйымдар мен өзге де қол жетімді байланыстар) және құқықтық коммуникация (мемлекеттік органдар, мекемелер, құқық қорғау және соттар жүйесі) арқылы арнайы заңнамаға сай пайдаланатын қолданылатын тетіктер мен құқықтық әрі мемлекеттік, сондай-ақ жалпы елге ортақ қоғамдық тәсілдердің жиынтығы.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
БАҚ – Бұқаралық ақпараттық құралдар
АҚШ – Америка Құрама штаттары
СКДР – Солтүстік Корея демократиялық республикасы
ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ЭҚАБЖ – Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі.
КубГАУ – Кубанский государственный агрономический университет
СНГ – Содружество Независимых государств
УСУ – Евразийский Союз Ученых
РК – Республика Казахстан

# КІРІСПЕ

**Тақырыптың өзектілігі.** Қазіргі таңда жергілікті атқарушы органның, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлерінің жергілікті халықпен арнайы сұхбаттасу режимі әдістерін жетілдіру ғылыми-теориялық, әсіресе бұл ретте тәжірибелік мәселелерін реттеу өзекті болып келеді. Сондықтан біздің ойымыз бойынша аталмыш тақырыпты зерттеудің өзектілігі мынадай қорытындымен дәлелденеді: біріншіден, ұлттық құқық және халықаралық құқық жүйелерінде магистрлік жоба атауындағы негізгі кілт ұғымдар жайлы ғылыми зерделенген және заңнамада бекітілген анықтамалар болғанымен, жалпы мойындалған нақты анықтама жоқ деуге болады; екіншіден, жергілікті биліктің жергілікті халықпен сұхбаттасу режимінің мәселелері анықталып, олардың реттеу әдістері мен тәсілдері біркелкі жүйеге келтіріліп жетілідірілмеген; ал енді үшіншіден, жүйелі негізде ғылыми зерттеу және оған қатысты қажетті пәндік, пәнаралық және кешенді зерделеу жұмыстары өте аз деп айтуға болады.

Сонымен, жоғарыда келтірілген негіздер мен себептер және олардың жалпы мазмұндық жиынтығы осы зерттеу тақырыбының өзектілігін нақты анықтап береді.

**Магистрлік жобаның мақсаты** – Түркістан облысы Сайрам ауданы мысалында үш жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимі әдістерін жетілдіру мәселелерін саралау арқылы кемшіліктер мен олқылықтарды анықтау, сондай-ақ теориялық-әдістемелік және ғылыми-тәжірибелік сипатта болатын қорытындыларды жасау, ғылыми негіздегі жүйелі ұсыныстарды беру болып табылады.

Бұл қойылған мақсатқа жету үшін осы зерттеудегі өзара байланысты келесідей **негізгі міндеттерді** орындау алға қойылды:

1. Халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимінің тарихи-құқықтық қырларын анықтау;

2. Гуманитарлық ғылымдары салаларында «халық», «жергілікті атқарушы органдар», «мемлекеттік қызметшілер» және «сұхбаттасу режимінің әдістері» ұғымдарын зерделеу;

3. Халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимі әдістерін жетілдірудің халықаралық тәжірибелік тетіктерін талқылау;

4. Түркістан облысының Сайрам ауданына қарасты Қарабұлақ ауыл әкімшілігі мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимін әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік қырларын қарастыру;

5. Сайрам ауданына қарасты Қарасу ауыл әкімшілігі мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимін әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік тетіктерін талдау;

6. Сайрам ауданына қарасты Манкент ауыл әкімшілігі мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимін әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік жолдарын саралау.

**Зерттеу объектісі** – Түркістан облысы Сайрам ауданы мысалында үш жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимі.

**Зерттеудің пәніне** – Түркістан облысы Сайрам ауданы мысалында үш жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимінің әдістері жатады.

**Зерттеу әдістемелік негіздері.** Зерделеу барысында ғылыми танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері, атап айтқанда, синтез, аналогия, индукция, дедукция, құрылымдық, формальды-логикалық әдістер, моделдеу әдісі мен жүйелі талдау әдісі, салыстырмалы-құқықтық талдау, сондай-ақ қазіргі заң ғылымдарының жүйесінде пайдаланылатын ғылыми әдістер мен тәсілдер қолданылды.

**Магистрлік жобаның зерттелу деңгейі.** Әлемдегі елдердің мемлекет басқару, оның ішінде жергілікті атқарушы органдарында жалпы мемлекеттік қызметкерлерінің жергілікті халықпен сұхбаттасу режимі әдістерін жетілдіру мәселелерін зерделеніп жатса да, сондай-ақ заңгер-ғалымдардың және өзге де ғылым салалары өкілдерінің ғылыми негіздегі қызығушылығын тудырса да осы уақытқа дейін кешенді ғылыми-теориялық, тіпті тәжірибелік деңгейде де толық негізде зерттелмей келеді деп айтуға болады.

Қазіргі кезде аталған тақырыпты зерттеу бағытында алыс және жақын шетелдік мен бірқатар отандық зерттеушілер өз еңбектерінде жеке зерттеген болатын.

Олардың ішінде, атап айтар болсақ: Сапргалиев Г.С., Г.Б. Қаржасова., Н.А. Саулебек., Е.Т. Бекбосынов және өзге зертеушілерді атап өтуге болады.

Жақын шетелдерден: В.А. Черепанов., Г.Ш. Гарипов., А.С. Архиреева., Е.И. Васильева., Т.Е. Зерчанинова., А.В. Ручкин., А.В. Тихонов., сонымен бірге С.В. Семенцул., В.А. Вестов және т.б.

Алыс шетелдерден Y. Laouris., M. Michaelides., E. Falco., R. Kleinhans., I. Gecikova., V. Papcunova және т.б.

Осы ретте, айтар жайт, зерттеу тақырыбы бойынша отандық ғылыми зерттеу жұмыстарының аз болуы және оның ішінде мемлекеттік тілде ғылыми еңбектер өте аз жазылған деуге тура келеді.

Сонымен, аталған негіздердің жалпы жиынтығы осы зерттеу тақырыбы мәселелеріне қатысты кешенді сипаттағы зерттеу жұмыстарын толыққанды жүргізілмегендігін нақты дәлелдеп көрсетеді және гуманитарлық ғылымдар аясында анықталған ғылыми көзқарастар мен қорытындылардың ғылыми-

тәжірибелік реттеуге бейімдеу қажеттілігін бар екендігін шүбәсіз анықтап береді.

**Зерттеудің теориялық негізін** жергілікті атқарушы органның, оның ішінде оның мемлекеттік қызметкерлерінің жергілікті халықпен арнайы сұхбаттасу режимінің негізгі әдістерін жетілдіру мәселелеріне нақты арналған біршама халықаралық шарттар, әр түрлі халықаралық-құқықтық құжаттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық заңнама, аталған жұмыстың таңдалған тақырыбы бойынша зерттеушілердің жекелеген және ұжымдық ғылыми жұмыстары және өзге жеке ғылыми материалдары (монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, аналитикалық және ақпараттық мақалалар) құраған.

**Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы**. Теориялық тұрғыдан қарағанда, бұл зерделеу жұмысы отандық ғылым, оның ішінде гуманитарлық ғылым жүйесінің тек бір саласын дамытуға талпыныс жасаған ғылыми еңбектердің бірі болып табылады. Себебі, тиісті жергілікті атқарушы органның, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлерінің жергілікті халықпен арнайы сұхбаттасу режимінің негізгі әдістерін жетілдіруге жүйелі талпыныс жасалған және соның негізінде қол жеткізілген нәтижелер аталмыш тақырып аясында жазылып жатқан ғылыми еңбектерінде нақты пайдаланылуы мүмкін деп санаймыз.

**Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы**, белгілі жергілікті атқарушы органның, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлерінің жергілікті халықпен арнайы сұхбаттасу режимінің негізгі әдістерін жетілдіру тиімді түрде пайдаланудың мүмкіншілігімен де анықталады. Сонымен қатар, бұл зерттеудің нәтижелері жоғары оқу орындарында, уәкілетті және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарының оқу орындарында, білімін жетілдіру мекемелерінде «Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызметкерлерінің жергілікті халықпен арнайы сұхбаттасу режимінің негізгі әдістері» атты арнайы оқу курсы немесе арнайы дайындау бағдарламасының шеңберінде пайдаланылуы мүмкін.

**Ғылыми жаңалықтар**. Жалпы гуманитарлық ғылым салаларының жүйесінде жергілікті атқарушы органның, оның ішінде оның мемлекеттік қызметкерлерінің жергілікті халықпен арнайы сұхбаттасу режимінің негізгі әдістерін жетілдіру мәселелерінің зерттелуімен, сондай-ақ тікелей кешенді ғылыми зерттеу объектісі ретінде айналуымен анықталады.

Негізгі ғылыми жаңалыққа мына төмендегілер жатады:

– «халық», «жергілікті атқарушы орган», «мемлекеттік қызметші» және «Сұхбаттасу режимінің әдістері» деп аталған ұғымдардың заңнама жүйесінде қалыптасуын зерттеу нәтижесінде, сондай-ақ өзіндік сипаты бар құбылыс

ретінде жаңа негізде анықталды және аталмыш ұғымдардың анықтамасы жасалды;

– Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызметкерлерінің жергілікті халықпен арнайы сұхбаттасу режимінің негізгі әдістерін жетілдіру бойынша маңызды әрі қажетті бірқатар халықаралық тәжірибесі белгіленді, жергілікті атқарушы органдарының қызметі, оның ішінде Түркістан облысының Сайрам ауданына қарасты үш ауылдық әкімшіліктің қызметі аясында қалыптасқан іс-әрекеттер жүйесінің кейбір ерекше қырлары да анықталды;

– Түркістан облысының Сайрам ауданына қарасты үш ауылдық әкімшіліктің қызметі аясында халықпен сұхбаттасу режимі мәселелері талданып, кейбір ұсыныстар мен қорытындылар берілді. Сондай-ақ, оларды салыстыру арқылы зерттеу нәтижелері алынды, оларды тиімді пайдалану бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар жасалды.

**Магистрлік жобаның эмпирикалық негіздері** – магистрлік жобаны жазу барысында тақырыпты талдаумен бірге, БҰҰ және оның құрамдас органдары, ТМД халықаралық аймақтық ұйымдары аясында қабылданған халықаралық-құқықтық құжаттары мен баяндамаларымен бірге, олардағы тиісті тәжірибелік қырларына зерттеу жүргіздік. Әлеуметтік сауалнаманы жүргізу, жеке бақылау жүргізу арқылы мемлекеттік органдарының ресми статистикалық көрсеткіштері де қажетті түрде пайдаланылды.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар**

1. Халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимі бойынша тарихи-құқықтық қырларын зерттеу көрсеткендей, негізгі терминдер мен ұғымдық тіркестердің анықтамаларын тарихи-құқықтық түрде белгілеп алдық. Аталған терминдер мен ұғымдық тіркестердің нормативтік құқықтық актілердің мазмұнында белгіленіп бекітілгендігін нақтылап алдық. Сонымен қатар, аталған заңдардың өзіндік тарихи-құқықтық кезеңдерімен дамыды. Бұл ретте аталған заңдарға елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Жоғарыда айтқанымыздай, осы жылы заңдық күші жойылатын заңдар өз кезегінде мемлекет пен азаматтардың арасында сұхбаттасу режимге өзіндік ықпалы болды дегіміз келеді. Ал енді жаңа қабылданған кодекс мемлекет пен халықтың арасындағы коммуникация тетіктері ретінде әрі қарай жалғастырады деп үміттенеміз.

2. Халық – тарихи-құқықтық негіздері мен себептері бойынша белгілі бір аумақта өмір сүріп келе жатқан, белгілі бір мемлекеттегі мемлекеттік биліктің бастауы ретінде танылған тұрғындардың жиынтығы.

3. Жергілікті атқарушы органдар – белгілі бір мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөлінісінде (облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық) өз құзыреттері мен өкілеттіліктері арқылы өзіндік құқықтарын пайдаланатын, сондай-ақ жеке

міндеттерін атқаратын мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің жиынтығы.

4. Мемлекеттік қызметшілер – белгілі бір мемлекеттің мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда мемлекеттік саяси қызмет пен мемлекеттік әкімшілік қызметті атқаратын лауазымды жеке тұлғалар мен жалпы мемлекеттік қызметшілердің жиынтығы.

5. Сұхбаттасу режимінің әдістері – белгілі бір мемлекеттегі халық пен саяси биліктің, оның ішінде атқарушы биліктің арасындағы қоғамдық қатынас жүйесі арқылы сұхбаттасу режимінің қағидалары мен ережелері (яғни саяси, құқықтық, мораль, этика және өзге әлеуметтік нормалар жиынтығы) негізінде саяси-әлеуметтік коммуникация (БАҚ, барлық әлеуметтік желілер, қоғамдық ұйымдар мен өзге де қол жетімді байланыстар) және құқықтық коммуникация (мемлекеттік органдар, мекемелер, құқық қорғау және соттар жүйесі) арқылы арнайы заңнамаға сай пайдаланатын қолданылатын тетіктер мен құқықтық әрі мемлекеттік, сондай-ақ жалпы елге ортақ қоғамдық тәсілдердің жиынтығы.

6. Халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимі әдістерін жетілдірудің халықаралық тәжірибелік тетіктерін талдау көрсеткендей, жеке халықаралық тәжірибелік қырларды назарға ала отырып, елдегі әдістер мен тәсілдерді әрі қарай заманауи деңгейде жалғастыру қажет деп санаймыз. Негізгі мәселе дер кезінде жауап беру, мәселені шешу, сондай-ақ шығарылған шешімнің негізгі мәнін жан жақты түсіндіріп беру болып табылады. Сондықтан ақпараттық түсіндіру жұмыстарын арттыру керек деп есептейміз. Ол ақпараттық түсіндіру жұмыстарын іске асыру үдерісін жеңілді әрі түсінікті тілдерде жеткізу қажет. Демек, қысқа мазмұнда әрі уақытта жасалған қажетті материалдарды барлық әлеуметтік желілерде таратылуы тиіс. Сондай жолдар арқылы жергілікті билік пен халықтың өзара байланыс күшейеді деп санаймыз.

7. Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық әкімшіліктің ұйымдастырған он күндік іс-шара жоспары мен өткізілген іс-шараларды, сондай-ақ жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижесін қорытындылап тұжырым жасаймыз. Арнайы түрде түзілген он күндік іс-шара жоспарының мазмұны анықтап бергендей, тиімді жоспарды жасау әдістемесі негізде құрылмаған деуге болады.Өйткені: біріншіден, он күн іс-шараның төрт күні (16 наурыздан бастап 20 наурызға дейін) тек қана ұйымдастыру іс-шаралары деп айтуға болады; екіншіден, өткізілген іс-шаралар күнделікті жүргізілетін іс-әрекеттер деуге болады; үшіншіден, жаңашылдығы бар іс-шаралардың қамтылмағандығы анықталды. Бұл ретте, мысал ретінде айтар болсақ, пандемиядан сақтану талаптарын сақтай отырып, офлайн немесе онлайн форматта ауыл тұрғындарын мәдени, спорттық, мерекелік, ұлтаралық және өзге қажетті іс-шараларға қатыстыру арқылы ауылдағы қордаланған

мәселелерді анықтап алып, сол өзекті мәселелерді (экономикалық, әлеуметтік, қаржылық, құқықтық сауаттылық) дер кезінде шешу жолдарын қарастыруға болады.

8. Қарасу ауылдық әкімшілігі ұйымдастырған он күндік іс-шара жоспары болғанымен, оларды іс жүзінде жүзеге асырылғанымен, аталған іс-шараны ұйымдастыру, ол іс-шара туралы жаппай жергілікті халыққа жеткізу бойынша бірқатар кемшін тұстары бар екендігі анықталды.

Біріншіден, аталған ауылдық округтік әкімшіліктің қызметкерлерінің басым көпшілігі өздерінің қызметтік құзыреттері мен өкілеттіліктерін, сондай-ақ құқықтары мен міндеттерін білгенімен, оларды тиімді пайдаланып басқару тетіктерін меңгермеген деуге болады.

Екіншіден, әкімшілік қызметкерлері мен кейбір белсенді тұлғалардың арасында қарым қатынас болғанымен, жаппай халықпен байланыс тетіктері толыққанды қолданылмаған.

Үшіншіден, өзге көршілес әкімшіліктермен өзара байланыс болғанымен, осы іс-шара аясында арнайы делегация бару көзделмеген деуге болады.

9. Түркістан облысының Сайрам ауданына қарасты Манкент ауылдық әкімшілігі ұйымдастырған он күндік іс-шара жоспарына қатысты жасалған әлеуметтік сауалнама мен жеке ғылыми-тәжірибелік бақылаудың нәтижесін қорытындылай келе, аталған іс-шаралар ұйымдастырып өткізілген, дегенмен, әкімшілік қызметкерлер іс-шаралар жсопарын түзуді ұйымдастыру, оларды үйлестіру, әсіресе өткізілетін іс-шаралар жайлы ақпаратты беру, олар бойынша толыққанды түсіндірме жұмыстары кемшін деңгейде жүргізгендігі анықталды. Демек, осы жағын түзету керек деп санаймыз.

10. Түркістан облысы, Сайрам ауданына қарасты үш ауылдық (Қарабұлақ, Қарасу, Манкент) әкімшіліктің, оның ішінде әкімшілік қызметкерлерінің халықпен сұхбаттасу режимі бойынша қолданылатын әдіснамалық жүйесі болғанымен, оның әдістемелік жіктемесі бар болғанымен, соның тәжірибелік әдістері мен тәсілдерінің жиынтығын толыққанды пайдаланбағандығы анықталды. Мысал келтіретін болсақ, экономикалық, әлеуметтік және өзге де негізгі мәселелерді шешетін құқықтық негіздемесі мен тетіктері (әдістер мен тәсілдері) болса да, әкімшілік қызметкерлері сұхбаттасу режимінің тұлғалық (өзінің сезімдерін басқару), әлеуметтік-психологиялық, сондай-ақ коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша кемшін тұстары бар. Осы әкімшілік қызметкерлерінің жеке тұлғалық-әлеуметтік дағдылары біркелкі емес деуге болады. Сондықтан олардың жеке және ұжымдық психологиялық жауапкершілігін арттыру керек. Сонда олардың халықпен қатынасы тиімді дамиды деп санаймыз.

**Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі** – магистрлік жоба мемлекет және құқық теориясында кафедрасында талқыланды. Магистрлік жоба теориялық және тәжірибелік негіздері 1 мақалада жарияланған.

1. Жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимінің әдістерін жетілдірудің (Түркістан облысының Сайрам ауданына қарасты үш ауданының мысалында) кейбір қырлары.

**Магистрлік жоба құрылымы мен көлемі** – Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің нұсқаулығында белгіленген тәртіпте және ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының магистрлік жобаларды жазу жетекшілігіне сәйкес орындалған. Магистрлік жоба мазмұны анықтамалардан, қысқартулар мен белгілеулерден, нормативтік сілтемелерден, кіріспеден, жалпы алты бөлімшені құрайтын екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# 1. Халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимінің саяси-құқықтық табиғаты мен анықтамасы

## 1.1 Халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимінің тарихи-құқықтық қырлары

Магистрлік жобаның аталмыш бөлімінде халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимінің негізгі тарихи-құқықтық қырларына саралауды бастаймыз.

Бірінші кезекте осы бөлімнің атауында белгіленген негізгі ұғымдардың, яғни «халық», «жергілікті атқарушы органдар», «мемлекеттік қызметшілер» және «сұхбаттасу режимі» делінген ұғымдық тіркестер мен термин мағынасын ашатын анықтамаларды саралауды жөн көрдік. Өйткені; біріншіден, аталмыш анықтамалар зерттеу объектісінің негізгі кілт сөздері мен ұғымдық тіркестер болып табылады; екіншіден, ол анықтамалардың мағынасын ашу зерттеудің мазмұнын аша түседі деп білеміз; үшіншіден, ғылыми-теориялық зерттеудің нәтижесі магистрлік жобаның тәжірибелік қырларын зерделеуге толыққанды мүмкіндік береді.

Тікелей интернеттен алынған уикипедия мәліметіне сүйенсек, «халық (тұрғындар) – қандай да бір аумақта тұрақты дамыған немесе бүкіл жер шарын жайлаған адамдар жиынтығы» [3] делінген қысқа мазмұнда қамтылған. Демек, анықтамадан белгілі болғандай, «халық» деген ұғым бір жағынан «тұрғындар» деген ұғыммен синонимдес сөздер (терминдер) деп айтуға болады. Сонымен қатар, «тұрғындар» деген кезде белгілі аумақтың (қала, ауыл, елді мекеннің) халқы түсініледі. Сондықтан бұл ұғымдар бір-бірін толықтыратын мағыналас сөздер ретінде қолданылады. Осы орайда айта кетер жайт, «халық» деген сөз адамзаттың тарихында, әртүрлі халықтардың тілдердің қорында байырғы сөз (әрбір ұлттың, этностың сөзді айту ерекшеліктері мен дыбысталуына қарай) ретінде қолданылып келе жатқандығына дәлелдеуді қажет еттірмейді. Аталған сөзді аксиомалық негізі бар десек артық айтқанымыз болмас деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мазмұнында, атап айтар болсақ, оның кіріспесінде «Қазақстан халқы» делінген ұғымдық тіркес арнайы қолданылған, сонымен бірге негізгі заңның 3-тармағының 1-тармақшасында «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» [4] делінген конституция нормасы бекітілген. Бұл конституциялық нормадан белгілі болып тұрғандай, халық мемлекеттік биліктің негізгі қайнар көзі болуымен қатар, оның негізгі бақылаушысы екендігімен де ерекшеленіп тұрғанын байқаймыз. Біздің жеке зерделеп жатқан ұғымның бір жағынан жинақталған бір мағынаны білдіретін термин деп түйін жасауға болады. Осылайша түйінді тұжырым жасауымызды былай түсіндіргіміз келеді. Біздің ойымызша, «халық» деген ұғымның негізін

құрайтын мынадай сөздердің жиынтығы бар дегіміз келеді. Мысалы, ұлттық философиялық тұрғыдан түсіндірер болсақ, аталмыш ұғым мынадай сөздер әрі категориялық ұғымдарымен байланыстыруға болады. Халықтың бірінші ұясы отбасы болып келетіндігін еш жоққа шығара алмайды деп санаймыз. Өйткені: біріншіден, адамзаттың тарихында алғашқы отбасыдан өрбіген бірнеше жеке отбасылардың жиынтығы үлкен әулетті құрап, кейін отбасылар өз кезегінде түрлі аталық бірлестіктер бөлініп, өз алдына бірнеше рулық қауымдастықтар қалыптасты. Содан кейін олар тайпалық бірлестіктер ретінде танылды. Одан кейін олардың жиынтығына «ұлт» деп атау берілді. Демек, бірнеше ұлттардың арасындағы қарым-қатынастардың нәтижесінде «халықаралық қатынастар» және «ұлтаралық қатынастар» делінген ұғымдық тіркестер қолданыла бастады деп тұжырым жасаймыз.

Келесі кезектегі «жергілікті атқарушы органдар» деген ұғымдық тіркесті зерделеп өтейік. Еліміздің негізгі заңында, оның ішінде 8-бөлімінің 87-бабы мазмұнында «жергілікті атқарушы органдар» [4] делінген ұғымдық тіркес белгіленген. Сол негізгі заңнан бөлек, мысалы атап айтар болсақ, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы 1-бабының 4-тармағында «жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган» [5] делінген мазмұнында саяси-құқықтық сипаттағы анықтама бекітілген. Аталмыш анықтаманың мазмұнынан көрініп тұрғандай, «жергілікті атқарушы орган» делінген кезде бір жағынан «әкімдік» деген ұғым ретінде түсініледі. Аталған баптың мазмұнында талдап жатқан ұғыммен өзара байланысты өзге ұғымдық тіркестер (яғни жергілікті мемлекеттік басқару, жергілікті өкілді органдары, жергілікті өзін өзі басқару органдары және т.б.) белгіленген.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (2015 жыл 23 қараша № 416-V) 1-бабы 12-тармағында «мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы» [6] делінген анықтама бекітілген. Бұл анықтама мазмұнынан көрініп тұрғандай, мемлекеттік қызметші мемлекеттік органда мемлекеттік міндеттері мен функцияларын атқаратын мемлекеттік лауазымды тұлға болып табылады.

Сонымен қатар, аталған заңның 1-бабында «мемлекеттік әкімшілік қызметші» және «мемлекеттік саяси қызметші» атты ұғымдық тіркестер бекітілген дегіміз келеді. Бұл ретте «мемлекеттік қызметші» ұғымы жалпы жинақталған мағына бойынша қолданылатын термин болып келеді. Ал енді «мемлекеттік әкімшілік қызметші» және «мемлекеттік саяси қызметші» атты ұғымдық тіркестер болса, олар нақты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларды білдіреді. Қорыта айтқанда, «мемлекеттік қызметші» ұғымы жалпы атау болса, ал енді жоғарыда аталған екі ұғымдық тіркес негізгі атау болып келеді. Демек, аталған атаулар өзара байланысты терминдер болып табылады.

Ендігі ретте «сұхбаттық режим» деген ұғымдық тіркестің анықтамасын анықтауға тырысамыз. Бұл ретте ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына тағы назарымызды аударамыз. Оның мазмұнында:

«Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады» [1] делінген. Ақиқатында қоғамдық диалог – қоғамдық әрі жеке заңды мүддені іске асыру бойынша жүргізілетін жеке әрі кешенді тәсіл болып табылады. Сол себепті тігінен (вертикалды, жоғарыда төменге қарай) дамитын мемлекеттік органдар, мемлекеттік лауазымды тұлғалар өз міндеттері мен функцияларын іске асыру кезінде көлденең (горизонтальды) байланысқа түсудің қажеттілігі бар деп есептейміз. Бұл ретте қазақ халқы «әкім бол, халқыңа жақын бол» деп айтқан болатын. Демек, мемлекеттік басқаруда тек императивті әдістерді ғана емес, керісінше көбіне диспозитивті әдіс қолданылуы тиіс. Ашықтық – билікке халық сеніміне ие болудың негізгі жолы десек болады. Сондықтан адамдардың өтініштеріне, үндеуіне, тілектеріне назар аударып, өз уақытында жауап беру нағыз кәсіби мемлекетке айналып келе жатқандығын айқындап береді.

Енді Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 Жарлығына зер саламыз. Оның мазмұнында «Азаматтар мен ұйымдардың өтініштерімен жұмыс сапасын күшейтуге бағытталған ұсыныстарды әзірлеу, келіп түсетін өтініштерге ден қою кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдар мен квазимемлекеттік сектор жұмысының тиімділігін талдау жүйесін енгізу» [7] делінген іс-шараны іске асыру көзделген. Бұл жолдаудың мазмұны көрсеткендей, азаматтар мен ұйымдардың өтініштеріне ден қою маңызды іс-әрекет болып табылады. Өйткені: біріншіден, мемлекетпен азаматтық қоғам субъектілері арасындағы тиімді қарым қатынастарды (мемлекеттік қызметке қатысты байланыс) орнықтырады; екіншіден, тараптардың заңды мүдделерін

қанағаттандыруға мүмкіндік береді; ал үшіншіден, тараптардың арасындағы жеке және топтық коммуникациялық қатынастарды жүйелі түрде орнықтырып дамытуға ықпал етеді деп санаймыз.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығына зер салайық. Оның мазмұнында: «Азаматтардың бірлестіктері қоғамда әртүрлі пікірлер мен мүдделерді білдіру арналары болып табылады, олар арқылы азаматтар ақпарат алады және қабылданған шешімдер жөнінде өз пікірін білдіреді. Егер саяси шешімдер қабылдайтын адамдар жұртшылықпен диалог жүргізіп, көпшілік алдында талқылау процесінде енгізілген ұсыныстар деп есептелсе, нәтижесінде азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенім дәрежесі едәуір артады» [8] делінген құнды саяси-құқықтық ереже белгіленген. Бұл саяси-құқықтық ереженің мазмұнынан белгілі болғандай, азаматтық қоғамды дамыту мақсаты қойылған тұжырымдаманың қабылдануы өте құптарлық жағдай деп білеміз. Өйткені: біріншіден, бұл тұжырымдама азаматтық қоғамды қалыптастыру мен дамытудың саяси-құқықтық қайнар көзі болып табылады; екіншіден, аталған тұжырымдама мәтінінде нақты белгіленген іс-шараларды іске асырудың негізі бекітілген; үшіншіден, тұжырымдама мемлекет пен азаматтық қоғам арасында туындайтын, өзгеретін және тоқтатылатын жалпы қоғамдық қатынастардың, оның ішінде құқықтық қатынастардың жиынтығы реттеуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

«Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (2014 жыл 27 маусым № 211-V) мазмұнында «әлеуметтік әріптестік – жұмыскерлер (жұмыскерлердің өкілдері), жұмыс берушілер (жұмыс берушілердің өкілдері), мемлекеттік органдар арасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша олардың мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған, тең құқықты ынтымақтастыққа негізделген өзара қатынастар жүйесі» [9] делінген анықтама берілген. Бұл анықтаманың мазмұнынан білінгендей, әлеуметтік әріптестікті дамытуға арналған заң болып табылады. Біріншіден, аталған заң мемлекеттің, жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің арасындағы сұхбаттасу режимін тиісті орнатуға, сондай-ақ әрі қарай конструктивті негіздермен байланысты жасауға мүмкіндік береді. Екіншіден, аталған нормативті құқықтық акті тараптардың құзыретті мен құқықтарын пайдалануға, міндеттерін орындауға, сондай-ақ олардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін қабылданған. Үшіншіден, ол заң тараптардың теңдігіне негізделген әлеуметтік әріптестікті нақты орнатып, заңдағы ережелерге сәйкес іске асыру мақсаты мен міндеттері көзделген.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (2015 жыл 2 қараша № 383-V) 3-бабында «Азаматтық қоғамның қоғамдық маңызды мәселелер бойынша пікірін білдіру қоғамдық кеңестер қызметінің мақсаты болып табылады» [10] делінген анықтама нормасы бар. Аталған заң нормасынан белгілі болғандай, қоғамдық кеңестер азаматтық қоғам мен елдегі мемлекеттік биліктің арасындағы сұхбаттасу режимін қалыптастыруға саяси-құқықтық мүмкіндікті беріп тұр деуге болады. Өйткені: біріншіден, аталмыш заң қоғамдық кеңестердің құрылуы арқылы мемлекет пен азаматтық қоғамның ортақ қоғамдық, ұжымдық, топтық, әрі жеке заңды мүдделеріне байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді; ал енді екіншіден, қоғамдық қатынастардың барлық субъектілерінің пікірін тыңдауға, естуге, қабылдауға, сондай-ақ олар бойынша заңнамаға сәйкес әрі жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың, оның ішінде әлеуметтік нормалардың аясында іске асыруылуына ықпалы жасайды деп есептейміз; үшіншіден, бұл заң шеңберінде құрылған қоғамдық кеңестер жалпы жұртшылықтың қоғамдық, топтық, ұжымдық әрі жеке пікірлерін, өтініштерін, арыз-шағымдарын және заңды талаптарын еркін түрде айту мен жеткізуге, сондай-ақ оларды тиімді шешуге мүмкіндік беретін сұхбаттасу әрі байланыс жасау жүйесі деп түйіндейміз.

«Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (2016 жыл 30 желтоқсан № 42-VI) 4-бабында:

1. Волонтерлік қызметтің мақсаттары:

1) жеке және заңды тұлғаларға көмек көрсету, азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау және сақтау, дене шынықтыруды және спортты дамыту, сондай-ақ қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттар;

2) қоғамда азаматтық ұстанымды, өзін-өзі ұйымдастыруды, әлеуметтік жауапкершілік, ынтымақ, өзара көмек және мейірімділік сезімін қалыптастыру болып табылады» [11] делінген. Заңдағы волонтерлік қызметтің мақсаттары көрсетіп тұрғандай, аталған қызметтің тарихи-құқықтық негіздері бар десек болады. Себебі: біріншіден, аталған қызмет түрі ғасырлардан бері өз жалғасын тауып келетін жатқан жағымды іс-шара болып табылады; екіншіден, ерікті тұлғалардың қоғамға жасап жатқан игі іс-шаралардың ұлттық, этикалық, моральдік және өзге құндылықты негіздері бар; үшіншіден, аталған қызметті мемлекеттік органдар тиімді ұйымдастырып әрі үйлестіріп отыратын болса, онда қоғамдық диалогтің дамуына қарқынды әсер береді деп ойлаймыз.

«Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (2015 жыл 16 қараша № 402-V) 2-бабында «Қоғамда қайырымдылықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, қолдау және нығайту арқылы қоғамның өзін-өзі ұйымдастыруын дамытуға жәрдемдесу қайырымдылықтың мақсаты болып табылады» [12] делінген. Бұл заңның негізгі мақсатынан нақты

белгілі болғандай, елдегі қайырымдылық іс-шаралар жүйесі қалыптастыру ең маңызды мақсат деп айтуға болады. Өйткені: біріншіден, бұл заң елдегі жалпы қайырымдылық іс-шараларының әрі қарай жандануына, сонымен бірге осы іс-шараларға мойын бұрған субъектілердің қайырымдылық іс-шараларының ең белсенді екендіктерін дәлелдеуге, сол іс-шаралардың тиімді іске асырылуына мүмкіндік береді; екіншіден, қайырымдылық адамдарды өзге адамдарға деген жанаршылық сезімі мен қолдауын көрсетуге ықпал етеді; үшіншіден, сол іс-шаралар халықтың қоғамдағы мәселелерге немқұрайды қарамауға насихаттап шақырады десек болады.

«Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (2015 жыл 12 қараша № 390-V) 4-бабында:

«1. Мыналар:

1) отандық тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2) отандық экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

3) нарыққа қатысушылардың тұтынушылар алдындағы жауаптылығын күшейту өзін-өзі реттеудің негізгі мақсаттары болып табылады» [13] делінген анықтамалық норма белгіленген. Бұл заңның нормасынан белгілі болғандай, өзін өзі реттеу заңының негізгі мақсаттары жақсы жасалған дегіміз келеді. Бұл ретте заң отандық экономикада қызмет ететін кәсіпкерлік субъектілерінің өзін өзі реттеп дамытудан бөлек, өз қарамағандағы жұмыскерлерінің әртүрлі жеке әрі ұжымдық ортақ мүдделерін жақсартуға бағыттайды деуге болады.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 Заңының 1-бабының 5-тармағында «өтініштерді қарайтын субъектілер (бұдан әрі - субъектілер) - мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттің қатысуы жүз процентті құрайтын не мемлекеттік тапсырыс және (немесе) мемлекеттік сатып алу шарттарына сәйкес тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұсынатын, өздерінің құзыреттеріне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша оларға тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) жеткізуге (орындауға, көрсетуге) шарт жасасқан ірі кәсіпкерлік субъектілері» [14] деп жазылған. Бұл заңда бекітілген анықтаманың мазмұнын көрсетіп тұрғандай, өтініштерді қарайтын субъектілердің жиынтығы белгіленген. Демек, жалпы өтініштерді тек мемлекеттік органдар ғана қабылдамайды, керісінше олардан бөлек өзге субъектілер де қарайтындығы белгілі болып тұр.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы N 107 Заңының 4-тарауы «Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау рәсімдері» және 4-1-тарауы «Лауазымды

адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағым жасау» [15] деп аталған. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» (2020 жыл 29 маусым № 350-VI) 21-бабында «Әкімшілік рәсімге қатысушылар» деп аталған. Оның 1-тармағында «Арыз иесі және мүдделі тұлға әкімшілік рәсімге қатысушылар болып танылады» [16] делінген. Жоғарыда аталған заңдар жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, сондай-ақ арыз-шағымдарын қарауға құзырет беретін нормативтік құқықтық актілер болып табылады. Осы орайда, айта кетер жайт, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» және «Әкімшілік рәсімдер туралы» атты заңдардың 2021 жылдың 1-шілдесінен бастап күші жойылады. Демек, сол 1-шілдеден бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі заңды күшіне енеді.

Сонымен, қорыта келгенде халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимі бойынша тарихи-құқықтық қырларын зерттеу көрсеткендей, негізгі терминдер мен ұғымдық тіркестердің анықтамаларын тарихи-құқықтық түрде белгілеп алдық. Аталған терминдер мен ұғымдық тіркестердің нормативтік құқықтық актілердің мазмұнында белгіленіп бекітілгендігін нақтылап алдық. Сонымен қатар, аталған заңдардың өзіндік тарихи-құқықтық кезеңдерімен дамыды. Бұл ретте аталған заңдарға елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Жоғарыда айтқанымыздай, осы жылы заңдық күші жойылатын заңдар өз кезегінде мемлекет пен азаматтардың арасында сұхбаттасу режимге өзіндік ықпалы болды дегіміз келеді. Ал енді жаңа қабылданған кодекс мемлекет пен халықтың арасындағы коммуникация тетіктері ретінде әрі қарай жалғастырады деп үміттенеміз.

## 1.2 Гуманитарлық ғылымдары салаларында «халық», «жергілікті атқарушы органдар», «мемлекеттік қызметшілер» және «сұхбаттасу режимінің әдістері» ұғымдарының зерделенуі

Осы магистрлік жобаның аталмыш бөлімінде гуманитарлық ғылымдары салаларында, оның ішінде заңтану ғылымында «халық», «жергілікті атқарушы органдар», «мемлекеттік қызметшілер» және «сұхбаттасу режимінің әдістері» ұғымдарының зерделенуін қарастырамыз.

Жақын шетелдік заңгер-ғалым В.А. Черепанов «Халық және мемлекет: доктриналық түсіндіру туралы конституциялық модель» атты ғылыми мақала мазмұнында әуелі «мемлекеттің белгілері, «аумақ», «билік», «халық» және «мемлекеттілік» [17] делінген жеке ұғымдардың теориялық және тәжірибелік қырларын гуманитарлық ғылымдар шеңберінде салыстырмалы түрде зерделейді. Аталмыш автор мақаланың ортасында «халық» ұғымының конституциялық құқық ғылымында екі бірдей мағынасының белгіленгендігін, яғни «халық» эмпирикалық ұғым – азаматтардың жиынтығы ретінде нақты

халық, «халық» теориялық ұғым – абстрактілі адамдар заңды тұлға әрі заңды мән ретінде, біртұтас өткен және болашақ ұрпақтармен ортақ тағдырмен байланысты тарихи тұтастық» [17] дей келе, мақала соңында «Канттың терминологиясын қолдана отырып, аталған конституциялық идеал (халық биліктің бастауы) әуелі іске асырылып, яғни объектіге айналады, содан кейін ол гипостизацияланады, яғни оның нақты шынайы өмірде іс жүзінде бар деп жазылады да, ақырында, нақты жеке адамдармен анықталады» [17] деп қорытынды берген. Автордың ой-пікірі мен тұжырымды қорытындысын толықтай қолдаймыз. Себебі: біріншіден, ол гуманитарлық ғылым салалары, оның ішінде философия, әлеуметтану, психология, сондай-ақ заңтану ғылымы бойынша салыстырмалы негізде зерделеуге тырысқан; ал екіншіден, «халық» делінген ұғымның эмприкалық әрі теориялық мағыналары беруге талпыныс жасаған; үшіншіден, халықтың билік бастауы ретінде жалпы, оның ішінде ол нақты адамдардың билікке қатысуымен (сайлауға қатысу, сайлану және билік лауазымына сайлану, тағайыгдалуы) анықталады деген тұжырым жасаған. Бұл автордың тұжырымын отандық зерттеуші заңгер-ғалым Е.Т. Бекбосыновтың «Қазақ халқында «Ат төбеліндей билік» деген мәтелі бар. Бұл мәтелдің философиялық мағынасы терең деуге болады. Әдетте "құқықтану" мамандығы бойынша оқып жатқан студенттерге дәріс беру кезінде "мемлекеттік билік", "мемлекеттік басқару", "мемлекеттік аппарат", "мемлекеттік механизм" және тағы басқа терминдік сөз тіркестерін түсіндіріп жатамыз. Бұл ұғымдық тіркестерді шартты түрде дана қазақ халқы бір сөйлеммен түйіндеген. Жоғарыда аталған мәтелдің мәні мынада: шартты негізде ат төбелін билікке (азшылыққа) теңеп түсіндірген. Аттың бүкіл денесі шартты түрде азаматтық қоғам (көпшілік) дегенді білдіреді. Демек, мемлекеттік басқару дегеніміз азшылықтың көпшілікті басқаруы деп түсінуге болады. Ендеше, көпшілік азшылықпен өзара алшақтамай, өзара әрекеттесуін жандандыру керек деп білеміз. Демек, жақында қоғамдық даму министрлігінің құрылуы, оны әрі қарай дамыту елдің мақсаты, міндеттері және келешегі деуге болады» [18] деп жазған тұжырыммен түйіндейміз. Демек, жоғарыда аталған заңгер-ғалымдар жасаған тұжырымды тікелей басшылыққа ала отырып, «мемлекет» делінген ұғымның теориялық әрі абстрактілі мағынада, ал енді «мемлекеттік қызметші» деген ұғымдық тіркес эмприкалық мағынада, яғни нақты мемлекеттік лауазым атқаратын тұлға деп қорытынды жасаймыз.

Р.Ш. Гарипов өзінің ғылыми мақаласын «Заң әдебиеттерінде «халық», «ұлт» және «байырғы халық» делінген ұғымдарға біркелкі түсіндірме жоқ. Тұңғыш рет сонау 1945 жылы БҰҰ Жарғысында «тең құқықтылық және халықтардың өзін өзі анықтау» атты принципті арнайы бекітудің нәтижесінде халықаралық құқықтың жалпы субъектісі ретінде мойындалды, дегенмен әлі халықаралық қауымдастықтың «халық» деген ұғымға жеке қатысты жалпы

қабылданған анықтама жоқ» [19] деген пікірмен жазып бастайды. Ол автор мақаланың негізгі мазмұнында «байырғы халық» деген ұғымдық тіркес бойынша салыстырмалы жеке зерттеуін жасай отырып, мақаланың соңында «Сонымен, «байырғы халық» делінген ұғым тым кеңейтілген, сондықтан оны байырғы халықтардың бірнеше түрлеріне жіктеудің қажеттілігі бар. Бұл ретте Халықаралық еңбек ұйымының № 107 Конвенциясындағы «байырғы халық» деген ұғымға берілген тиісті анықтамамен келіспейтіндігін, яғни оның қазіргі халықаралық құқықтың сипатына жауап бермейтіндігін, тіпті ол анықтамада кемсітушіліктің бар екендігін, сол себепті оны назарға алмауға керектігін айта келе, әртүрлі мемлекеттердің ішкі заңнамасында «байырғы халық» ұғымын анықтау кезінде сол немесе өзге елдің үкіметі мойындаған жеке тұлғалардың белгілі бір ұлттар мен тайпаларға жататындығын анықтаумен жасалады» [19] деп қорытынды тұжырым жасаған. Бұл автордың тұжырымымен жалпы негізде ішінара келісуге болады. Яғни оның кеңейтілген ұғым деген жерімен келісуге болады. Бір жағынан автордың жазғанындай, «азшылық халық» деген ұғым тағы бар. Біздің жеке ойымызша, «байырғы халық» деген ұғым саяси-құқықтық сипаттағы термин ретінде есептеледі. Сондықтан осы ұғымды тек конституцияның және тиісті халықаралық-құқықтық актілердің кіріспесінде декларациялық сипатта жазылған дұрыс деп есептейміз. Өйткені: біріншіден, халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың жүйесіндегі нормативтік құқықтық актілердің негізгі нормаларында «байырғы халық» және «азшылық халық» деп жіктеудің қажеттлігі жоқ. Одан да «халықтар» деген ұғымды қолдана беру керек; ал екіншіден, халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың жүйесіндегі нормативтік құқықтық актілердің негізгі нормаларында «байырғы халық» және «азшылық халық» делінген жіктеу арқылы құқықтық кемсітушілікке жол бермеу қажет деп білеміз; үшіншіден, өткен тарихи кезеңдерде байырғы халық болған халықтар бүгінде азшылықты құрайды. Керісінше кезінде азшылық болған кейбір этностар қазір байырғы халыққа айналды деуге болады. Демек, аталған ұғым халықаралық құқық пен ұлттық заңнаманың нормаларында тек «халық» деген ғана ұғым ретінде белгіленіп қалуы керек деп есептейміз.

Отандық зерттеушілер Г.Б. Қаржасова мен Н.А. Саулебек екеуі жазған ғылыми мақалада «Жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру тарихи, этникалық, географиялық және басқа да жағдайларға байланысты объективтік және субъективтік факторлардың негізінде жүреді. Осы себепті мемлекеттерде жергілікті басқаруды ұйымдастырудың және тиісінше осы құбылысты заңдық реттеудің сан алуан түрлі тәжірибесі бар. Жергілікті басқару туралы тұжырымдамалар не оны ұйымдастырудың идеялық және теориялық негізі, не жергілікті басқару органдарын құру мен қызмет

тәжірибесінің қорытуының нәтижесі болып табылады. Сондықтан да жергілікті басқару мәселелеріне әмбебаптық көзқарас жоқ деп пайымдауға негіз болады» [20] деп жаза келе, ұлттық заңнама, сондай-ақ бірқатар еуропа елдерінде қабылданған құқықтық құжаттарды зерделеп, сол мақаланың орта тұсында авторлар «Жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органы Кеңес болып табылады. Кеңес жергілікті (ауылдық немесе қалалық) қоғамдастықтың сайланбалы органы болып көрінеді. Қоғамдастық деген не екені түсініксіз. Конституцияда айтылса да, мұндай ұғым заңдарда қалыптаспаған. Кеңестің карауына жергілікті мәндегі мәселелер табыстау көзделеді: аумақтық көркейтуді ұйымдастыру, халықты жылу, қуат, газ, сумен жабдықтауды бақылау, әлеуметтік жағынан дәрменсіз азаматтарға қайырымдылық көмек көрсету және тағы басқа, бұл жергілікті мәндегі мәселелерді қаржылық, материалдық және техникалық қаражаттары бар мемлекеттік органдардың өздері де толық шеше алмайды. Егер мемлекеттік органдар оған бөліп бермесе, жергілікті халыққа қайдан осындай қаражат көздері болады? Оған қоса, Кеңес «жергілікті мәндегі мәселелерді» шешуге тиіс мәслихатпен де байланысатын секілді. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Заң жобасының басқа қағидалары да сондай-ақ сын көтермейді» [20] деп пікір білдірген. Әрине, авторлардың осы пікірімен келісуге болады. Өйткені: біріншіден, бұл авторлар жергілікті өзін өзі басқару институтының негізде заңда болғанымен, оның салалалық заңдарда көрініс таппағанын дөп айтқан; екіншіден, аталған институттың жеке белгілері мен құқықтық тетіктерінің накты белгіленіп алынбағандығын меңзеп айтып тұр; үшіншіден, сол институт мәслихатпен бірге шешеді деген жерінің түсініксіз деп біледі.

Келесі бір ресейлік зерттеуші А.С. Архиреева өзінің ғылым мақаласында «Біз «мемлекеттік лауазым» деп арнайы нормативтік құқықтық актілермен регламенттелетін құқықтық актілермен және құқықтар, міндеттер, тыйым салулар шеңберін накты белгілейтін, өз міндеттерін заңды жауапкершілікпен орындауға міндетті мемлекеттік билік органдар мен аппараттағы лауазымдар деп түсіну керек» [21] делінген анықтаманы берген. Әлбетте, автордың бұл анықтамасын жылы қабылдауға болады. Себебі: біріншіден, автор аталған мемлекеттік лауазым арнайы заң арқылы бекітілетіндігін айтып өткен; ал енді екіншіден, аталған мемлекеттік лауазым тек мемлекеттік органдарда ғана болады; үшіншіден, ол мемлекеттік лауазым белгілі бір мемлекеттік органның міндеттері мен функцияларын орындайтын тұлға деген пікір айтқан.

Тағы бір ресейлік зерттеушілердің ғылыми еңбегіне жүгінеміз. Авторлар мақалада «Қорытындылай келе, келесі қорытынды жасауға болады. Негізгі мәселелердің бірі, қызметкерлердің тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіретін тиімді ынталандыру жүйесінің нақтырақ болмауы. Мемлекеттік органдарды

материалдық ынталандыру мәселелері билік органдарындағы қызметкерлер оңтайлы шешілмейді. Осылайша, соның іс жүзінде мемлекеттік қызметшілер қызметінің тиімділігін бағалау әдетте ынталандыру және сыйлықақы беру жүйесімен байланысты болып келеді. Алайда қатаң критерийлер мен бағалау көрсеткіштері әзірленбеген» [22] деп қорытынды тұжырым жасаған.

Кезінде марқұм профессор Ғ.С. Сапарғалиевтің өзі жазған ғылыми мақаласына жүгінейік. Белгілі профессор мақалада «Демек, жергілікті өзін-өзі басқару органдары екі сипаттағы функциялар атқарады: 1) мемлекеттік және 2) мемлекеттік емес функция. Бұл ретте мемлекеттік істер жергілікті өзін-өзі басқару жұмыстары көлемінің едәуір бөлігін алады. Аз бөлігін мемлекеттік емес сипаттағы істер алады» [23] деп жаза келе, ол автор мақаланың «Сонымен, жергілікті органдар өзін-өзі басқару оларды ауыл деңгейінде және ауыл тұрғындарымен бірге ұйымдастырумен аяқталуы керек. Сонда әкімдер мемлекеттік-қоғамдық табиғатқа ие болады. Себебі және төменгі жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекет өкілдерімен бірге жұмыс істейтін болады және мемлекеттік істерді мемлекет қаржыландыруы керек, себебі мемлекеттік маңызы бар проблемалар болып табылады» [23] деп түйінді қорытынды жасаған болатын. Елімізге әрі жақын шет елдерге белгілі заңгер-ғалымның сол қорытынды тұжырымымен толықтай келісеміз. Себебі: біріншіден, бұл автор жергілікті өзін өзі басқару институтының саяси-құқықтық мазмұнын дәлірек ашты десек болады; екіншіден, аталған конституциялық құқықтық институт биліктің төменгі әрі негізгі жергілікті қоғамдық-халықтық биліктің ықпалына берілуі тиіс; ал үшіншіден, жергілікті мемлекеттік органдар (әкімдіктер мен мәслихат) мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының арасындағы өзара ынтымақтастықты жандандыру керек деп санаймыз.

Келесі ретте тағы ресейлік зерттеушінің ғылыми еңбегіне зер салуды жөн көрдік. Мақала авторы «Азаматтық сараптама көрсеткендей халықтың билік пен басқару органдарына қатынасының құрылымына қосқан үлесі бойынша бірінші орында респонденттердің жергілікті органдарға жүгінуінің теріс тәжірибесі бар. Бұл факт қарсыластар мен қолдаушылардың құрамына Президент пен Мемлекеттік Дума әсер етті. Ал екінші орында электоралдық белсенділік факторы де болды. Яғни Президент пен Мемлекеттік Думаны бағалау бойынша федералды, аймақтық және муниципалды сайлауға тікелей қатыспаған респонденттерден келеді. Әсері бойынша үшінші орында тәжірибе сияқты ерекше фактор бар респонденттердің басқару қызметі» [24] деп жазған. Авторлардың тұжырымды пікірімен келісеміз. Өйткені: біріншіден, ол ел федеративті мемлекет болғандықтан орталық үкімет пен жергілікті жерде билік жүргізетін федерация субъектілері арасында ашық түрде болмаса да сәл латенттік саяси-құқықтық сепаратистік көңіл күй мен ұстаным да бар дегіміз келеді; екіншіден, ол елдегі соңғы кезде орын алған шетелдік экономикалық

санкцияның кері әсерінің көріністері болуда деп ойлаймыз; үшіншіден, елдегі саяси билік мен жергілікті федерациялық биліктің, сондай-ақ жергілікті өзін басқару органдарының арасындағы өзіндік қарым қатынастар формалды түрде болғанымен, алайда тиімді жұмыс жасауы төмен секілді болып көрінеді.

Осы тұста, солтүстік кипрлік зерттеушілер Яннис Лаурис және Мариос Михаэлидистің «Құрылымдық демократиялық диалог: кипрдегі жергілікті билік органдарымен реформаларды жеңілдету үшін математикалық есептерді құрылымдау әдістерін қолдану» атты ғылыми мақаласына саралау жасаймыз. Авторлар мақала кіріспесінде «Қауымдастықты оперативті зерттеу үшін мына әдістерді, яғни мәселелерді құрылымдау және демократиялық диалогпен құрылымдау әдістерін қолдануды ұсынады» [25]. Зерттеушілер одан кейін мақалада «Мәселені топтық деңгейде талқылау кезінде фасилитациялау әдісін қолдану керек деп есептейді. Келесі қадам ретінде төменнен жоғарыға қарай пайдалану қажет. Жоғарыда төменге қарай кластеризациялау әдісіне қарасақ, ол әдіс бойынша көп уақытты алады. ... Осындай мәселелерді құрылымдау нысаны мәселелік жағдайдың оқшауланған аспектілері бойынша олардың өзара байланысын ескерусіз, стратегиялық әрекеттер бағытталған кезде пайда болатын қате басымдықтардың әсерін азайтуға көмектеседі» [25] деп пікір білдіріп жазған болатын. Бұл авторлардың пікірімен әрі олардың ұсынған жеке әдістерін құптаймыз. Біріншіден, авторлар сұхбаттасу режимінің негізгі әдісі мен тәсілдерін көрсетіп берді десек болады. Екіншіден, олар фасилитациялау әдісін (яғни белгілі бір топтың ұжымдық негізде жұмыс жасауы) қолданылуы туралы жазған. Үшіншіден, бұл зерттеушілер фасилитациялау әдісінің келесі бір кластеризациялау әдісінен тиімді екендігі алға тартады. Олардың осындай тұжырымды пікірімен келісеміз. Сондықтан тәжірибелік зерттеу барысында сол әдістерді қолданамыз деп айтамыз.

Енді ретте голландиялық зерттеушілердің ғылыми мақаласына назарды саламыз. Авторлар мақала соңында «Біздің жіктеу алты негізгі мәселенің өзара байланысты екенін көрсетеді:

Контекстік факторлар (Интернеттің қол жетімділігі, бұл ретте сандық сауатсыздық және сандық алшақтық; институционалдық негіз);

Технологиялық факторлар (технологиялық жетістіктер және деректерді басқару);

және ұйымдастырушылық факторлар (яғни процестермен байланысты мәселелер; ұйымішілік мәдениет; адам ресурстарының болуы)» [26] деп қорытынды жасаған. Аталмыш авторлардың қорытынды тұжырымын толық құптаймыз. Біріншіден, осы авторлар мақаласы атауы «технологиядан басқа: азаматтарды тартуға арналған цифрлық платформаларды пайдалану арқылы жергілікті билік органдарының мәселелерін анықтауға тырысқан. Екіншіден, цифрландыру жүйесін толық орнықтыру нәтижесінде халыққа қызмет көрсету

іс-шараларын сапалы әрі тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Ал енді үшіншіден, жоғарыда аталған факторларды жүйелі әрі тиімді орындау арқылы жергілікті билік органдарының халықпен, оның ішінде жеке, топтық, ұйымдық негіздер жүйесінде өзара сұхбаттасу режимін орната алады де есептейміз.

Енді жеке анықтамаларымызды ұсынамыз.

Халық – тарихи-құқықтық негіздері мен себептері бойынша белгілі бір аумақта өмір сүріп келе жатқан, белгілі бір мемлекеттегі мемлекеттік биліктің бастауы ретінде танылған тұрғындардың жиынтығы.

Жергілікті атқарушы органдар – белгілі бір мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бөлінісінде (облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық) өз құзыреттері мен өкілеттіліктері арқылы өзіндік құқықтарын пайдаланатын, сондай-ақ жеке міндеттерін атқаратын мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің жиынтығы.

Мемлекеттік қызметшілер – белгілі бір мемлекеттің мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда мемлекеттік саяси қызмет пен мемлекеттік әкімшілік қызметті атқаратын лауазымды жеке тұлғалар мен жалпы мемлекеттік қызметшілердің жиынтығы.

Сұхбаттасу режимінің әдістері – белгілі бір мемлекеттегі халық пен саяси биліктің, оның ішінде атқарушы биліктің арасындағы қоғамдық қатынас жүйесі арқылы сұхбаттасу режимінің қағидалары мен ережелері (яғни саяси, құқықтық, мораль, этика және өзге әлеуметтік нормалар жиынтығы) негізінде саяси-әлеуметтік коммуникация (БАҚ, барлық әлеуметтік желілер, қоғамдық ұйымдар мен өзге де қол жетімді байланыстар) және құқықтық коммуникация (мемлекеттік органдар, мекемелер, құқық қорғау және соттар жүйесі) арқылы арнайы заңнамаға сай пайдаланатын қолданылатын тетіктер мен құқықтық әрі мемлекеттік, сондай-ақ жалпы елге ортақ қоғамдық тәсілдердің жиынтығы.

Осы тұста, сұхбаттасу режимінің әдістерін шартты түрде жалпы, негізгі және арнайы тәсілдер жиынтығы ретінде түсіндіргіміз келеді. Жалпы тәсілдер барлық әлеуметтік нормалар арқылы жүргізіледі. Негізгі тәсілдер белгілі бір мемлекеттік жалпы ұлттық заңнамасы мен ратификацияланған халықаралық шарттары арқылы жүзеге асыралады. Ал енді арнайы тәсілдер жеке тұлғалар мен заңды тұлғалармен сұхбаттасу режимі әдістері мен тәсілдерінің (жеке, топтық, қоғамдық қабылдау және т.б.) жиынтығымен орындалады.

Сонымен, гуманитарлық ғылымдары салаларында «халық», «жергілікті атқарушы органдар», «мемлекеттік қызметшілер», сондай-ақ «сұхбаттасу режимінің әдістері» ұғымдарының зерделенуін қарастыра келе, мынадай жеке қорытынды тұжырымды жасаймыз. Зерделеу көрсеткендей, жергілікті атқару органдарының мемлекеттік қызметшілері өз міндеттері мен функцияларын жергілікті халықпен сұхбаттасу әдістерін заңнамалық, құқықтық, мемлекеттік реттеу әдістері мен тәсілдерінен бөлек, өзге қажетті әдіс-тәсілдерді қолдану

деңгейі әлі жеткіліксіз екендігі айқындалды. Біздің ойымызша, бұл мәселе сол мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілікті толыққанды қолға алмауының негізгі себебі, жергілікті өзін өзі басқару органдарының мәртебесін күшейту керек. Бұл ретте гуманитарлық ғылымдары салаларында «халық», «жергілікті атқарушы органдар», «мемлекеттік қызметшілер», «сұхбаттасу режимінің әдістері» ұғымдарының зерделенуін пәндік, пәнаралық және кешенді сипатта жүргізіп қажет деп санаймыз. Соның нәтижесінде жергілікті халық пен билік арасындағы сұхбатттасу режимін конструктивті деңгейге жеткізеді.

## 2 Халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимінің әдістерін жетілдіру бойынша халықаралық және ұлттық тәжірибелік негіздері

### 2.1 Халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимі әдістерін жетілдірудің халықаралық тәжірибелік тетіктері

Магистрлік жобаның аталмыш бөлімінде халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимінің тиісті әдістерін жетілдірудің халықаралық тәжірибелік тетіктерін қарастырып өтеміз.

Бірінші кезекте Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) қызметінде аталған тақырыпты зерделеуден бастаймыз. Сонау 2005 жылдың 23-25 қарашасында Бангогкта (Таиланд) БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік комиссияның (Кедейлікпен күрес бойынша комитет) Азия және Тынық Мұхит елдері үшін ұйымдастырып өткізген 2-сессиясында қабылданған «Бағдарламалық диалог: кедейшілікпен күресу мақсатында (билік органдарын) орталықсыздандыру» атты хатшылық жазбасының мазмұнында «Сонау екінші дүниежүзілік соғысы аяқталғаннан бастап, өткен 90-жылдарға дейін стратегиялық даму ретінде орталықтандырылған мемлекеттік жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру көзделген болатын. Осының нәтижесінде орталық биліктің қызметі кеңейе әрі күшейе түсті. Көптеген елдерде экономикалық және әлеуметтік мәселелер бойынша шешу жетістіктері болғанымен, бірқатар елдерде әлі кедейшілікпен күрес деңгейі көңіл көншітпейді. Бұл ретте онда түрлі орталықсыздандыру түрлеріне: яғни әкімшілік орталықсыздандыру; өкілеттіліктерді беру немесе демократиялық орталықсыздандыру; салық-бюджеттік орталықсыздандыру» [27] жатады делінген мәлімет бар. Бұл мәліметтен көрініп тұрғандай, әрдайым қаралатын мәселе ретінде сол кедейшілікпен күресті айтуға болады. Әрине, аталған мәселені және өзге де әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің жолы әрі тетігі деп орталықсыздандырудың үш түрін атап өткен. Дегенмен, ол түрлері бойынша өз пікірімізді білдірсек. Бірінші кезекте біздің елде демокартиялық орталықсыздандыру процесін өткізе келе, екінші кезекте әкімшілік орталықсыздандыруды жүргізу керек деп санаймыз. Солардан кейін

үшінші кезекте салықтық-бюджеттік орталықсыздындыру процесін енгізудің қажеттілігі бар деп білеміз.

Келесі ретте БҰҰ Мемлекеттік басқару бойынша комитеттің 2020 жылы 13-28 мамырда өткізілген он тоғызыншы сессиясы жұмысы туралы баяндама мазмұнына зер саламыз. Аталмыш баяндама мазмұнында «Жергілікті басқару мүмкіндіктерін үнемі арттыруды, кезінде орын алған қателіктерден сабақ алуды және қауымдастықтармен кері байланысты көздейтін икемді және прагматикалық тәсіл – осының бәрі ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі. Бұл ретте атап айтқанда, инклюзивті диалог тетіктері адамдарға мемлекеттік қызмет сапасына наразылық білдіру және тіпті егер бәрі оларға (мемлекеттік органдарға) жүгінбесе де ол мемлекеттік органдардың барлығы үшін бар екендігі туралы маңызды сигнал халыққа жолдануы тиіс. Мұндай механизмдер астана тұрғындары үшін, сондай-ақ ауылдық немесе шалғай аудандардағы маргиналданған топтар үшін де қол жетімді болуы қажет» [28] делінген. Шынында жергілікті өзін өзі басқару органдарының мүмкіндік жүйесін арттыру көзделуі тиіс. Себебі: біріншіден, жергілікті өзін өзі басқару институты жергілікті халықтың сайлауы арқылы тікелей қалыптастырылады; екіншіден, аталған институт жергілікті халықпен бірге жергілікті бюджеттің негізін құрап, оның іске асыру мен бақылауды жүргізеді; ал енді үшіншіден, жергілікті мемлекеттік органдар (әкімшілік және мәслихат) жүйесімен бірге өзара ынтымақтастық іс-шараларын, сондай-ақ олармен сұхбаттасу режимін орнықтыруға мүмкіндік береді. Бір жағынан бұрын орын алған қателіктердің себептерін зерделеп, олардан дұрыс қорытынды жасап, әрі қарай қажетті жеке мақсаттар мен жетістіктерге жетуге мүмкіндік жасайды. Бұл ретте жеке айтар болсақ, жалпы халықтан келген өтініштер мен ұсыныстарды, сондай-ақ арыз бен шағымдарды адекватты қабылдауға икемді болуға, дер кезінде мәселені шешуге жедел іс-әрекеттер жасау қажет деп санаймыз.

Осы тұста «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы» атты саяси-құқықтық сипаттағы құжатқа саралау жасауды жөн көрдік. Оның мазмұнында «Осы тәсілге сәйкес жергілікті өзін-өзі басқарудың төрт базалық: англосаксондық, континенттік, аралас және кеңестік деп саналатын моделін бөліп көрсетуге болады.

Англосаксондық модель негізінен атауы бірдей құқықтық жүйесі бар елдерде: Ұлыбританияда, АҚШ-та, Канадада, Үндістанда, Австралияда, Жаңа Зеландияда және т.б. таралған.

Бұл модельдің негізі сипаты формальды автономия және жергілікті өзін-өзі басқарудың дербестігі, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қамқоршылық ететін жергілікті жерлерде уәкілетті орталық үкіметтің болмауы болып табылады» [29] делінген. Бұл ақпараттан белгілі болғандай, уәкілетті орталық үкіметтің болмауы, яғни жергілікті мемлекеттік органның

болмауы деп отыр. Әрине, бұл дамыған елдерде бұл факт көптеген жылдардан бері қалыптасқан деуге болады. Бұл моделдің өзіндік ерекшеліктері бар екені белгілі жайт. Дегенмен, бұл моделдің қажетті элементтерін алуға болады деп есептейміз. Өйткені: біріншіден, мұндай моделдің жеке элементтерін, мысалы, жергілікті өзін өзі басқарудың дербестігі мен өзінің қаржыландыру жүйесін қалыптастыру тетігін стратегиялық міндеттердің бірі ретінде алуға болады; екіншіден, аталмыш моделдің сол элементтерін халықаралық тәжірибелік жол ретінде алып, кейін оны жергілікті ерекшеліктермен іске асыруға болады деп білеміз; үшіншіден, аталған модель өз кезегінде өзге моделдердің ерекше жеке элементтерін таңдау кезінде салыстырып алуға болады деп есептейміз.

Талданып жатқан саяси-құқықтық мазмұндағы құжаттың жалғасында «Жергілікті жерлерде билікті ұйымдастырудың континенттік моделі англосаксондық модельден ерекшеленеді, ол континенттік Еуропа (Франция, Италия, Испания, Бельгия) елдерінде ғана емес, сондай-ақ Латын Америкасының, Таяу Шығыс елдерінің көпшілігінде таралған.

Бұл модельдің ерекше сипаты мыналар: жергілікті жерлерде жергілікті өзін-өзі басқарудың және мемлекеттік басқаруды үйлестіру, сайлау және тағайындау, жергілікті өзін-өзі басқарудың белгілі иерархиясы, төмен тұрған буынның жоғары тұрғанға бағынуы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға өкілетті жергілікті деңгейде орталық биліктің арнайы өкілінің болуы» [29] делінген мәлімет қамтылған. Бұл мәлімет мазмұнынан анықталып тұрғандай, осы моделдің сипаттамасынан белгілі болғандай, оның ерекшелігін жергілікті өзін өзі басқару органдарының, яғни төменгі буын (мысалы ауылдық жергілікті өзін өзі басқару органы) жоғары тұрған буынға (яғни аудандық жергілікті өзін өзі басқару) бағынады. Бұл моделдің осы элементін алуға болады. Өйткені: біріншіден, жергілікті өзін өзі басқару органы бұл элемент бойынша белгілі мерзімге дейін тәжірибе алу үшін пайдалануға болады; екіншіден, осындай саяси-құқықтық ұстаным сол буындардың өзара ынтымақтастық тәжірибесін арттырып, алғашқы жылдар ішінде бейімделу кезеңіне жетуге мүмкіндік береді; үшіншіден, төменгі буын бойынша жүгінген халықтың жоғары буынға өз арыз-шағымдарын жөнелтуге мүмкіндік алады.

Арнайы талданып жатқан саяси-құқықтық құжаттың мазмұнындағы бір жерінде «Жергілікті жерлерде билікті ұйымдастырудың кеңестік моделі жоғарыда қарастырылған модельдерден мүлдем өзгеше. Бұл модель осыдан аз ғана уақыт бұрын барынша таралған еді. Қазір ол социалистік бағдарды сақтап қалған кейбір елдерде (Қытай, Куба, СКДР), сондай-ақ бұрынғы Кеңес Одағы республикаларынан тиісті жеке құқықтық мұрагері болып табылатын кейбір мемлекеттерде (Беларусь, Өзбекстан) ғана орын алған.

Бұл модельдің негізгі белгілері мыналар болып табылады: төменнен жоғарыға дейін өкілді органдардың бірыңғай билігі, өкілді және атқарушы органдар жүйесінің қатаң орталықтандырылуы, оның барлық буындарының сатылы бағыныштылығы, муниципалды меншіктің, жергілікті бюджеттердің болмауы» [29] делінген мәлімет берілген. Бұл мәліметтегі ақпараттан белгілі болғандай, әрине бұл ескі әрі кері тартушылық жүйе деуге тура келеді. Себебі; біріншіден, бұл жүйемен көптеген посткеңестік кезінде елдер өткен болатын; екіншіден, жергілікті атқарушы биліктің өзінің мәселесін жоғары атқарушы биліксіз шеше алмауы; үшіншіден, жергіліктің өзін өзі басқару институты мен жергіліктің бюджетінің болмауы аталған институт мүлдем болмайды деуге әрі жергілікті халықтың толық еркі болмайды деп айтуға болады. Сол себептен де мұндай жүйені демократиялық жүйені орнатуға тікелей кедергі келтіретіндігі жалпыға белгілі факт болып табылады.

Осы сараланып жатқан саяси-құқықтық құжатта мазмұнында «Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде мемлекеттік басқаруды жетілдіру және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру тәжірибесі Қазақстан үшін барынша жақын болып табылады, себебі бұл елдерге де социалистік дәуірден кейінгі кеңістіктегі барлық елдерде жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі болған жергілікті кеңестердің бұрынғы жүйесін реформалауға тура келді.

Байырғы тарихы мен қалыптасқан дәстүрі бар аумақтық басқарудағы Польшаның тәжірибесі бұл мәселеде Қазақстан үшін барынша көрнекі болып табылады.

Қазіргі уақытта Польшаның аумақтық бөлінісінде үш деңгейдегі басқару қолданылады: гминалар (кенттер/ауылдар), повят (аудан), воеводство (облыс). Мұндай аумақтық бөлініс белгілі бір дәрежеде Қазақстанның қолданыстағы әкімшілік-аумақтық құрылымына ұқсас» [29] делінген. Аталған құжаттың мазмұнынан анықталғандай, біздің елдің саяси режиміне жоғарыда айтылған елдің тәжірибесі халықаралық тәжірибе әрі үлгі ретінде алынған деп айтуға тура келеді. Біздің ойымызша, бұл елдің үш деңгейдегі басқару үлгісін алуға болады. Дегенмен, қалалардағы аудандар мен ауылдардан құралған аудандар арасында біршама айырмашалықтар мен ерекшеліктер бар дегіміз келеді. Сол себепті осы жағына реформа керек секілді.

Аталған құжаттың жалғасында «Жалпы, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың Қазақстанда қолдануға келетін шетелдік оң тәжірибесін мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Польшада гмина деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың жетістігі Орталық және Шығыс Еуропаның басқа елдерімен салыстырғанда жергілікті өзін-өзі басқарудың базалық деңгейі қалыптасқан әкімшілік-аумақтық бірліктер мөлшерінің үлкендігіне негізделген.

Бұл Польшада осы деңгейде дербес бюджеті бар толыққанды өзін-өзі басқаруды құру үшін қажетті әлеуетті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Осыны ескере отырып, Қазақстанда басқарудың төменгі деңгейлерінде толыққанды жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру үшін әлеуетті ұлғайту мақсатында ауылдық округтер деңгейінде әкімшілік-аумақтық бірліктерді оңтайландыру мәселесін шешу қажет.

2. Елді мекендердің маңыздылығы мен саны бойынша әртүрлі ерекшелігін негізге ала отырып, жергілікті өзін-өзі басқарудың ұтымды құрылымы қамтамасыз етілген» [29] делінген мәлімет берілген. Бұл жасалған тұжырымдармен жалпы негізде келісуге болады. Өйткені: біріншіден, аталған елдің әкімшілік-аумақтық бірліктер мөлшерінің үлкендігіне негізделгіндігін айта келе, біздің елдегі жергілікті өзін өзі басқарудың тиісті базалық деңгейіне ыңғайлы делінген; екіншіден, біздің елдегі ауылдық округтерге қарасты жеке ауылдарды әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру қажет; үшіншіден, елдегі осы құрылатын әкімшілік-аумақтық бірліктер халықпен сұхбаттасу режимін нақты орнатады дегіміз келеді.

Осы орайда, ресейлік зерттеушінің ғылыми мақаласына назар салуды жөн көрдік. Автор мақала соңында «Жоғарыда айтылғандардың аясында «кадрлық кідіріс» феномені сөзсіз сәйкестікті ұжымдық қолданудың белгісі бар екенін және ТМД елдерінде әрбір қызметкердің заңмен қорғалатын еңбек мүдделеріне нақты зиян келтіретін мінез-құлық ережелерінің де бар екендігін атап өткім келеді» [30, С.78] деп жаза келе, автордың пікірінше «дәл осы негіз, яғни осы институционалды әдіс ұжымдағы сал (паралич) ететін қорқыныш белгілерін жояды, сондай-ақ белгілі бір аймақтың тұрғындарына мемлекеттік қызметтерді адал көрсету үшін қызмет басшылардан олардың еңбек ету кезеңінде ар-намыс және қадір-қасиет құқықтарын сақтау талап етеді» [30, С.79] деп қорытынды жасаған.  Аталмыш автордың қорытынды тұжырымын назарға алуға болады. Себебі: біріншіден, кадрлық кідіріс, жасырындылықтың болуы жергілікті өзін өзі басқару институтының әлсіз тұсы деуге де болады; екіншіден, сол институционалды әдіс жергілікті өзін өзі басқару органының басшысы мен жергілікті халықтың тиісті жағымсыз қылықтарынан сақтануға мүмкіндік береді; ал үшіншіден, аталған субъектілер арасында ар-намыс және этика ережелерін ұстануға ықпал етеді деп есептейміз.

Келесі ретті ресейлік заңгердің ғылыми мақаласына зер салайық. Мақала авторы «Осылайша, 2019 жылдың жаз айларында көптеген аулалар балаларға арналған алаңдар, үстел теннисінің алаңы жабдықталды, мини баскетбол үшін спорттық тренажерлер орнатылды. 2019 жылғы қыстың бөлек кварталында тұрғындардың өтініші бойынша хоккей ойнауға арналған жабдықтары бар мұз айдындары құйылды. Бір жағынан Мәскеу қаласында азаматтардың тиісті пікірлерін білу үшін, сондай-ақ нақты жерде тұрып жатқан қала тұрғындарын

салыстыру мақсатында цифрлық технологияларды қолданылады» [31, С.19] деп жазған болатын. Солтүстіктегі көршілес елдің астанасында да осындай іс-шаралардың жасалуы құптарлық жағдай. Дегенмен, мұндай іс-шаралар біздің елдің үлкен қалаларында да жасалып жатыр деуге болады. Бұл ретте автордың пікірлі тұжырымын дұрыс дегіміз келеді. Біріншіден, жергілікті биліктің тиісті іс-шаралардың орындауы, оның тікелей функционалдық міндеті десек болады. Екіншіден, осындай іс-шаралардың іске асырылуы жергілікті билік пен халық арасындағы сұхбаттасу режимін қалыптастыруға ықпал етеді. Үшіншіден, бұл ретте цифрлық технологияны қолдану олардың арасындағы қоғамдық қатынас бойынша тиімді байланыс дамытып отырады деп санаймыз.

Ендігі кезекте словакия зерттеушілерінің ғылыми мақаласын саралауды жөн көрдік. Авторлар «Словакиядағы жергілікті өзін-өзі басқару жағдайында стратегиялық басқару құралдарының пайдаланылуы» деп аталған мақаланың мазмұнында «Қауымдастықтың даму стратегиясы – бұл муниципалитеттің экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламасы» [32, P.970] жайлы жаза келе, «Осылайша, аталған программаны нақты құру арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және іргелес аумақтардың дамуына және олардың қала немесе ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасына жергілікті өзін өзі басқару органдарының қызметін үйлестіруге мүмкіндік береді» [32, P.970] деп пікір жазған. Авторлардың бұл пікірін құптауға болады. Себебі: біріншіден, Еуропа Одағы – халықаралық аймақтық ұйым ретінде мүше-мемлекеттерге жергілікті өзін өзі басқару органдарының қалыптасып дамуына тікелей түрлі көмектері мен қаржылық гранттарын беріп келеді; ал екіншіден, аталған экономикалық және әлеуметтік даму бағдарлама жергілікті өзін өзі басқару мәселелерін дәл анықтап, тиісті жоспарға сәйкес іске асыру үдерісін жасауға мүмкіндік беруде десек болады; үшіншіден, аталған елде сол бағдарлама аясында тиісті іс-шара жүйесін қолданып, өзіндік деңгейде дамығандығын айтуға болады. Демек, осы еуропа елдерінің тәжірибесін халықаралық тәжірибе ретінде алу қажет.

Жоғарыда келтірілген халықаралық тәжірибе ретінде келтірілген әдістер мен тәсілдерді біздің елдегі жергілікті өзін өзі басқару органдарының қызметі, оның ішінде демократиялық, әкімшілік және салықтық-бюджеттік сипатында орталықсыздандыру іс-шаралары жүргізе келе, халықаралық әрі мемлекеттік даму бағдарламалары арқылы «бағдарламалық диалог», «инклюзивті диалог», сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы» атты саяси-құқықтық құжат бойынша белгіленген тиісті моделдерді тағы да саралап алып, содан кейін олардың ішінен таңдап алынған үлгілерді басшылыққа алып, бұл ретте жергілікті өзін өзі басқару органдарының қызметі жүйесіне тиімді негізде енгізу керек деп есептейміз.

Жергілікті өзін өзі басқару органдарының тиімді халықаралық тәжірибе қырларына келетін болсақ, біздің пайымыз бойынша, әлемдегі дамыған және

дамушы елдердегі сол органдар мен халықтың арасындағы қарым қатынасты реттеуге қолданылатын барлық озық технологиялық мүмкіндіктер мен әдістер жүйесін назарға ала отырып, біздің елдің жергілікті менталитет пен жағдайға сәйкес келетін негіздер мен тетіктерді қарастырып, содан кейін оларды елдегі жергілікті өзін өзі басқару жүйесіне енгізуді қолға алу керек деп санаймыз. Бұл ретте байырғы жергілікті өзін өзі басқару әдістері мен тәсілдерін жаңа заманғы жүйеге бейімдеп қолдануымыз тиіс.

Осы тұста, жеке айта кетер жайт, біздің елдегі жергілікті өзін өзі басқару органдарының қызметін жергілікті, аймақтық және республикалық деңгейде бастапқы, пәндік, пәнаралық әрі кешенді сипаттағы зерттеулерді жүйелі түрде іске асыра келе, аталған органдар қызметінің күшті әрі әлсіз тұстарын анықтау қажет санаймыз. Өйткені: біріншіден, жергілікті өзін өзі басқару органдары қызметінің ішкімемлекеттік күшті әрі әлсіз тұстарын да анықтауға мүмкіндік береді; ал енді екіншіден, жергілікті өзін өзі басқару органдары қызметінің ішкімемлекеттік тәжірибесі мен халықаралық тәжірибелік үлгілер мен қажетті әрі тиімді әдіс-тәсілдерін саралап таңдап алуға болады; үшіншіден, бұл ретте елде тиімді түрде қолдану нәтижесінде алынған әдістемелік жүйені жетілдіру бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын үнемі жүргізу керек. Зерттеу жұмысын түрлі жалпы әрі жеке ғылыми әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып, жеке әрі ұжымдық еңбектер санын арттыру керек деп білеміз.

Сонымен, қорыта келгенде, халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимі әдістерін жетілдірудің халықаралық тәжірибелік тетіктерін талдау көрсеткендей, жеке халықаралық тәжірибелік қырларды назарға ала отырып, елдегі әдістер мен тәсілдерді әрі қарай заманауи деңгейде жалғастыру қажет деп санаймыз. Негізгі мәселе дер кезінде жауап беру, мәселені шешу, сондай-ақ шығарылған шешімнің негізгі мәнін жан жақты түсіндіріп беру болып табылады. Сондықтан ақпараттық түсіндіру жұмыстарын арттыру керек деп есептейміз. Ол ақпараттық түсіндіру жұмыстарын іске асыру үдерісін жеңілді әрі түсінікті тілдерде жеткізу қажет. Демек, қысқа мазмұнда әрі уақытта жасалған қажетті материалдарды барлық әлеуметтік желілерде таратылуы тиіс. Сондай жолдар арқылы жергілікті билік пен халықтың өзара байланыс күшейеді деп санаймыз.

## 2.2 Түркістан облысы Сайрам ауданының мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимінің әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік қырлары

Магистрлік жобаның аталмыш бөлімінде халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимі негізгі әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік жолдарын қарастырамыз.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының мазмұнында «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың негізгі қағидаттары» [29] нақты бекітілген болатын. «Жергілікті өзін-өзі басқарудың ұйымдастырушылық, құқықтық және экономикалық негіздерін айқындау мақсатында осы Тұжырымдамада: «жалпы тоғыз қағида бар» [29]. Бұл негізгі қағидаттар жиынтығы жергілікті өзін өзі басқару органдары қызметін сапалы жүргізуге қажетті мүмкіндікті береді деп айтуға болады. Бұл ретте осы негізгі қағидаттар әлеуметтік әділдік идеясы қағидаты аясында тек нақты іске асырылғанда ғана тиімді әсері болады деп санаймыз. Әлбетте бұл қағидаларды негізгі басшылыққа ала отырып, жеке жергілікті әкімшілік-аумақтық бөліністер болып табылатын ауылдық әкімдік округтерінің кейбіріне жеке саралау жасаймыз.

Сараланып жатқан саяси-құқықтық құжаттың мазмұнында «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тәсілдері» белгіленген. «Осыған байланысты, Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту екі кезеңде болжанады.

Бірінші кезең (2013–2014 жылдар) – басқарудың төменгі деңгейлеріндегі қолданыстағы жүйенің әлеуетін кеңейту;

Екінші кезең (2015–2020 жылдар) – жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту» [29] делінген. Бұл кезеңдерде біздің ойымызша, бірқатар іс-шара жүйесі атқарылды деуге болады. Мысалы, жергілікті атқарушы органдардың қызмет көрсету жүйесінің кейбір қырлары оңтайландырылды. Аталған қызмет жүйесін дамытуға цифрландыру, автоматтандыру тетіктері енгізіліп келеді. Ол тетіктерді жергілікті халықтың тиімді қолдану әрі тез пайдалану деңгейі әлі қажетті деңгейге жете қойған жоқ деп білеміз. Сондықтан халықтың арасында осы мәселені оқытып үйрету курстарын ұйымдарстырып, нақты іске асыруды қолға алу керек деп есептейміз.

Ендігі ретте магистрлік жобаның атауы «Халықпен жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің сұхбаттасу режимінің әдістерін жетілдіру (Түркістан облысы Сайрам ауданы мысалында)» болғандықтан осы облыстың Сайрам ауданына бірнеше барып, жүргізген ғылыми-тәжірибелік зерттеуіміз бойынша алынған материалдарды саралаймыз. Осы орайда, әрбір әкімшілік аясында әлеуметтік сауалнаманы зерттеуді жеке жүргізе келе, содан кейін өзара салыстырмалы талдау жасап, олардың ұқсас тұстарын, сондай-ақ айырмашылықтары мен ерекшеліктерін де анықтаймыз. Соның нәтижесінде жеке қорытынды тұжырымдарды әрі қажетті ұсыныстар мен қажетті пікірлер жасаймыз деп ойлаймыз.

### 2.2.1 Сайрам ауданына қарасты Қарабұлақ ауыл әкімшілігі мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимін әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік қырлары

Әуелі «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «ауыл-ел тірегі» он күндік іс-шарасы барысында аудан әкімінің қатысуымен өтетін іс-шаралар жоспарын зерделеуден бастаймыз. Бұл іс-шаралар жоспары Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылында (15-26.02.2021жыл) өткізілген болатын (1 кесте).

| | | |
|---|---|---|
| **16.02.2021 жыл** | | |
| 1. | 11.40-12.10 | Он күндік іс-шарасы аясында тазалық жұмыстарын жүргізетін топ жұмысымен танысу (Далабазар аумағы, қатысатындар: 15 арнайы техника және еріктілер тобының қатысуымен) |
| 2. | 12.15-12.45 | Он күндік шарасы аясында атқарылатын жұмыстарды пысықтау мәселелеріне арналған мәжіліс |
| 3. | 12.50-13.20 | Аз қамтамасыз етілген отбасыларға қайырымдық көмектер көрсету шаралары (Еріктілер тобының тұрмысы төмен, қараушысы жоқ отбысылардың үйлеріне, аулаларын жақсарту жұмыстарымен танысу) |
| 4. | 13.20-13.40 | №25 Д.Қонаев ат. колледжінің шеберханасы аумағындағы абаттандыру жұмыстары барысымен танысу (Бұқаралық спорт нысандарын қалпына келтіру, сырлау, абаттандыру жұмыстары) |
| 5. | 13.50-14.00 | БАҚ өкілдеріне арналған сұқбат |
| **20.02.2021 жыл** | | |
| 6. | 10.00-11.30 | Қарабұлақ ауыл округі аумағында ұйымдастырылған сенбілікке қатысу |
| 7. | 11.30-12.00 | Көктемгі дала жұмыстарымен және ағынсумен қамту барысымен танысу |
| **22.02.2021 жыл** | | |
| 8. | 15.00-.1600 | Т.Рүстемов көшесінде орналасқан кәсіпкерлік нысандарының санитарлық талаптардың сақталуы бойынша рейдтік іс-шараға қатысу |
| 9. | 16.00-17.00 | Қарабұлақ ауылдық округінің тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдау |
| **26.02.2021 жыл** | | |
| 10. | 10.00-11.00 | Ауыл округінде өткізілген он күндіктің аясында атқарылған жұмыстармен танысу |
| 11. | 11.00-12.00 | Он күндік іс-шарасы аясында атқарылған жұмыстарды қорытындылау мәселелеріне арналған мәжіліс (Ауылдық мәдениет үйі, қатысатындар: бөлім басшылары, ауыл әкімдері, БАҚ өкілдері) |

1 кесте. Іс шара жоспары

Бұл іс-шаралар жоспары [33] мазмұнынан белгілі болғандай, Қарабұлақ елді мекенінде қоғамдық, әлеуметтік, бұқаралық және өзге маңызды іс-шараларды іске асыру көзделген болатын. Мына төменде аталған елді мекенде

он күндік барысында жасалға әлеуметтік сауалнама мазмұнымен таныстыра кетеміз деп шештік.

1. Сіздің жынысыңыз

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді 0 х*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| Ер | 59 | 59,0% |
| Әйел | 41 | 41,0% |




1-сурет - Респонденттердің жынысы

Аталмыш әлеуметтік сауалнаманың 1-сауалына [33] жалпы 100 адам (1-сурет), оның ішінде 59 ер кісі және 41 әйел кісі жауап беру нәтижесінде сауалнамаға қатысушылардың жалпы санын, дәл айтқанда жыныстық белгілері бойынша анықталды. Бұл сауалдың қоюдағы мақсат, осы әлеуметтік сауалнамаға қатысушылардың жыныстық санын анықтаудан бөлек, ел ішіндегі гендерлік саясаттың негіздерін басшылыққа алу болды. Барлық қатысушылар жыныстық негізін толық көрсеткен. Бұл сауалға жауап бермесе де қатысушының еркі болып табылады. Демек, әлеуметтік сауалнамаға қатысушылардың жыныстық белгілер бойынша айырмашылық аса үлкен емес деуге болады. Яғни 18 адам айырмасы бар. Бұл сауал әлеуметтік сауалнамада дәстүрлі түрде тиісті қойылып тұрады. Сондықтан аталған сауалнамаға қатысушылардың жыныстық белгілері бойынша еш кемсітушілік оқиға орын алмады.

2. Сіздің жасыңыз

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді 0 х*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| 18-25 | 21 | 21,0% |
| 26-40 | 34 | 34,0% |
| 41-60 | 36 | 36,0% |

| | | |
|---|---|---|
| 61-ден жоғары | 9 | 9,0% |




2-сурет - Респонденттердің жасы

Келесі кезекте қойылған сауалға жауап берген жалпы қатысушы тұлғалар саны 100 болды (2-сурет). Бұл сауалдың статистикалық мазмұнынан [33] анықталғандай, сауалнамаға қатысушылардың жас ерекшелігі де нақтыланды. 18-25 жас аралығындағы жастардың саны 26-40 жас және 41-60 жастан аз болуының жеке себептері ретінде ауылдағы жастардың қалаға жоғары оқу орындарына және ауылдағы орта арнаулы оқу орындарда оқу үдерісіне онлайн форматында қатысуы, ауылдағы үй шаруашылық жұмыстарын жүргізуі және өзге себептер деп топшылауға болады. 26-40 жас және 41-60 жас арасында болған жеке тұлғалардың жалпы саны шамалас болған. Демек, орта жастағы адамдардың жалпы саны біршама көп деуге болады. Біздің ойымызша, бұл жеке тұлғалар 25 жасқа дейінгі жастарға қарағанда тұлғалық, әлеуметтік, өмірлік, тіпті қызметтік тәжірибесі бар болғандықтан, сол сауалнамаға қатысуға жеке қызығушылығы болған деп білеміз. 61 жастан асқан жеке тұлғалардың аз болуын, пандемия жағдайында 65 жастан асқан адамдарға қоғамдық орындарға шығуға шектеу қойылуына байланысты деп ойлаймыз.

3. Сіздің әлеуметтік мәртебеңіз

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді 0 х*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| Жеке кәсіпкер | 33 | 33,0% |
| Мемлекеттік қызметкер | 6 | 6,0% |
| Бюджеттік қызметкер | 23 | 23,0% |
| Жеке компания қызметкері | 9 | 9,0% |
| Студент | 7 | 7,0% |

| | | |
|---|---|---|
| Зейнеткер | 8 | 8,0% |
| Жұмыссыз | 14 | 14,0% |




3-сурет - Респонденттердің әлеуметтік мәртебесі

Әлеуметтік мәртебе туралы сауалға жауап беру көрсеткішінен [33] белгілі болғандай (3-сурет), сол сауалға жауап берген қатысушылардың 33%, яғни үштен бір жуығынан астамын негізінен жеке кәсіпкерлер құраған. Одан кейін бюджеттік мемлекет мекемесінде жұмыс істейтін мұғалімдер, медицина және өзге қызметкерлер деп айтуға болады. Одан кейін сауалға қатысушыларының 14% құраған ешбір жұмысы жоқ тұлғалар болып табылады. Сонымен бірге зейнеткерлер, студент, жеке компаниялар мен мемлекеттік қызметкерлерінің саны бір-біріне шамалас болғандығын көріп отырмыз. Демек, әлеуметтік мәртебесіне сәйкес жеке әлеуметтік мүдде мен қызығушылығы тұрғысынан, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлерінің қызметіне байланысты салыстырып айтар болсақ, олардың жалпы мүдделері бар болғанымен, жеке мүддесі мен қызығушылығын аз екендігін байқаймыз. Осы жағдайдың өзіндік себептері бар дегіміз келеді. Сол себепті мақсатты аудитория бойынша әлеуметтік сауалнамаға жүргізіп, содан кейін кешенді әлеуметтік сауалнаманың жалпы қорытындысын жасау қажет деп санаймыз.

4. Аудан, ауыл әкімшілігі атқарып жатқан жұмыстар туралы хабардарсыз ба?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 x, Жауап бермеді 0 x*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| Иә | 48 | 48,0% |
| Жоқ | 42 | 42,0% |
| Естуім бар | 10 | 10,0% |




4-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігінің қызметі туралы ақпараттандырылуы

Бұл статистикадан нақты белгілі болып [33] тұрғандай (4-сурет), аудан әкімдігі мен ауыл әкімшілігі тарапынан жасалып жатқан жалпы іс-шаралар жайлы «ия хабардармын» деген елу пайызға жуық деуге болады. «Естідім» деген жауапты сауалнамаға қатысушылардың тек он пайыз ғана берген. Ал енді сауалнамаға қатысушылардың қырық пайыздан астамы «хабарым жоқ» деген. Демек, аты аталған ауылдың әкімшілігі аудандық әкімдігі әрі әкімшілік тарапынан жалпы жасалып жатқан іс-шаралар жайлы ақпараттарды жалпы коммуникациялық тетіктер арқылы жүйелі жасауы қажет деп ұсыныс жасаймыз. Сондықтан сол ақпаратты жеткізуші әлеуметтік желілерде парақшалар мен чаттар ашып, ол жайлы белсенді тұлғалар арқылы хабар ету ете отырып, түсінгені не түсінбеуі туралы өз зерттеулерін жүргізу керек деп санаймыз.

5. Аудан, ауыл әкімшілігі тарапынан өткізілген "10 күндік" бағдарламасы туралы хабардарсыз ба?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 x, Жауап бермеді 0 x*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| Иә | 43 | 43,0% |
| Жоқ | 37 | 37,0% |
| Естуім бар | 20 | 20,0% |




5-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасы туралы ақпараттандырылуы

Бұл қойылған сауалға жауап беру көрсеткішінен [33] нақтыланғандай (5-сурет), «өткізілген он күндік туралы хабардарсыз ба? деген сауалға «ия хабардармын» деп қырықтан астам тұлға жауап берген болса, ал «естуім бар» деген жауапты 20 тұлға берген. «Ия» деген жауап бергендердің біршама нақты хабардары бар екендігін, ал «естуім бар» деген тұлғалардың толық болмаса да, аздап болса да хабары бар екендігін біліп отырмыз. Ал енді сауалнамаға қатысушылардың 37 пайызы мүлдем хабары болмағандығын аңғарамыз. Демек, аталған әкімшілік қызметкерлері сол іс-шара туралы ақпаратты толықтай таратпағандығын дәл анықтап тұр дегіміз келеді. Сондықтан Қарабұлақ ауылдық әкімшілігі көшелер бойынша белсенді тұлғалармен тығыз байланыса отырып, маңызды ақпаратты халыққа жеткізіп тұруы тиіс деп ұсыныс етеміз.

6. Бесінші сұраққа "Иә" не "Естуім бар" деп жауап берсеңіз, "10 күндік" бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 63 х, Жауап бермеді 37*

| Жауап нұсқасы | Жауап | Үлесі |
|---|---|---|
| Әкімшілік қызметкерлерінен | 28 | 44,4% |
| Әлеуметтік желілерден (Instagram, Facebook, WhatsApp және т.б.) | 14 | 22,2% |
| Ауыл тұрғындарынан | 14 | 22,2% |
| Жұмыстан | 5 | 7,9% |
| Басқа: | 2 | 3,2% |




6-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасы туралы ақпараттандырылу көздері

Жоғарыда қойылған сауалға берілген жауап нәтижесі [33] дәл көрсетіп тұрғандай (6-сурет), он күндік іс-шаралар туралы хабарды қатысушылардың төрттен бөлігінен көбі тек әкімшілік қызметкерлерінен, ал олардың он төрттей пайызы әлеуметтік желілері мен ауыл тұрғындарынан, сондай-ақ жұмыс пен

өзге жеке қайнарлардан алғандығын айтып өткен. Демек, әкімшілікке қарасты ауылдағы мекемелерге қызмет хаттар жазған деп топшылағанмен, олардың арасындағы кері байланыстың жоқтығын байқаймыз. Сондықтан көшелер комитетінің белсенді мүшелерін құлағдар ете отырып, көшелерде он күндік іс-шара туралы баннерлер аз қойылған деп айтуға тура келеді. Сол себепті алдағы кезде осы тәріздес іс-шаралар жайлы ақпараттарды халықтың көп шоғырланатын орынға қоюды ұйымдастыру керек деп ұсыныс береміз. Өйткені сол іс-шара жайлы мәліметті халықтың шамамен тек елуден астамы ғана естіген деп қорытынды жасауға болады.

7. Бесінші сұраққа "Иә" не "Естуім бар" деп жауап берсеңіз, Сіз үшін "10 күндік" бағдарламасына қалай қатысқан ыңғайлы?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 63 х, Жауап бермеді 37*

| Жауап нұсқасы | Жауап | Үлесі |
|---|---|---|
| Оффлайн кездесу | 52 | 82,5% |
| Онлайн кездесу (Zoom, Teams, WhatsApp, Telegram, Clubhouse және т.б.) | 10 | 15,9% |
| Басқа: | 1 | 1,6% |




7-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасына қатысу қалауы

Әлеуметтік сауалнаманың маңызды сауалына «ия» және «естуім бар» деп жауап берген тұлғалар жауабының статистикасынан [33] белгілі нақты болғандай (7-сурет), он күндік іс-шараға қалай қатысқан ыңғайлы? деген сауалға жауап берген 52 қатысушы іс-шараның болып жатқан жерге тікелей қатысқанды жөн көреді. Ал енді бар болғаны тек 11 адам ғана түрлі әлеуметтік желілер арқылы қатысу ыңғайлы екендігін айта кеткен. Бұл ретте 37 адам мүлдем жауапты бермеген. Демек, осындай іс-шаралар қатысушылар ауқымын, мысалы зум программасы арқылы көбейту жайлы іс-әрекеттер жасалмағандығы да көрініп тұр. Сонымен қатар, айта кетер ұсыныс, алдағы кезде осындай іс-шараларды өткізу алдында, оларды сапалы насихаттау үшін түрлі мақсатты аудиторияның мүддесін қызықтыратын, сондай-ақ олардың

назарын аударатын сөздермен қамтылған ақпарат ұсынылуы керек деп санаймыз.

8. Бесінші сұраққа "Иә" не "Естуім бар" деп жауап берсеңіз, "10 күндік" бағдарламасын тиімді деп есептейсіз ба?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 63 х, Жауап бермеді 37*

| Жауап нұсқасы | Жауап | Үлесі |
|---|---|---|
| Ия | 43 | 68,3% |
| Көбіне иә | 16 | 25,4% |
| Жоқ | 1 | 1,6% |
| Көбіне жоқ | 3 | 4,8% |




8-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасының тиімділігі

Бұл қойылған сауалға жауап беру статистикасынан [33] жалпы белгілі болғандай (8-сурет), он күндік бағдарламаны тиімді деп есептейсіз бе? деген сауалға «ия» деп 43 адам жауап берсе, ал «көбіне иә» деп 16 тұлға жауап берген. Осы ретте, «жоқ» деп бір адам жауап берген болса, өз кезегінде 3 адам «көбіне жоқ» деп жауап берген болатын. Бұл ретте 37 адам мүлдем жауап бермеген екен. Ол сауалға жауап бергендердің басым көпшілігі іс-шараның тиімді екендігін атап өткен. Демек, осындай іс-шараларды қажетті уақытта, жерде ұйымдастырып өткізіп тұру керек деп санаймыз.

9. Алдынғы сұраққа "Жоқ" не "Көбіне жоқ" деп жауап берсеңіз, "10 күндік" бағдарламасын оңтайландыру бойынша қандай ұсыныстар берер едіңіз?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 4 х, Жауап бермеді 96*

- Алдағы уақытта мерзімін ұзарту қажет

- Әкімшілік тарапынан хабардар жұмыстарын күшейту керек
- 10 күндіктің арнайы алгоритмін құрастыру.

тұрғындар, билер, кәсіпкерлер қамтылу керек

- Әлеуметтік желелер арқылы хабарлау [33] делінген.

Қарабұлақ ауылында өткізілген он күндік іс-шаралар бойынша әлеуметтік сауалнаманың соңғы қойылған сауалға 96 жауап бермеген деп айтуға болады. Тек қана 4 адам ұсыныс берген. Олардың берген ұсыныстары өте орынды деп білеміз. Себебі: біріншіден, аталған іс-шара мерзімін ұзарту бірқатар мәселелер анықталып, оларды шешудің тетіктері де уақытында табылады; ал екіншіден, ауылдық әкімшілік осы тәрізді іс-шараларды алдын ала офлайн, онлайн, сондай-ақ әлеуметтік желілер арқылы хабардар ету қажет; үшіншіден, барлық әлеуметтік топ өкілдерін шақырып, қатыстыруды ұйымдарстыруы керек деп ұсынысты жасаймыз.

Сонымен, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық әкімшіліктің ұйымдастырған он күндік іс-шара жоспары мен өткізілген іс-шараларды, сондай-ақ жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижесін қорытындылап тұжырым жасаймыз. Арнайы түрде түзілген он күндік іс-шара жоспарының мазмұны анықтап бергендей, тиімді жоспарды жасау әдістемесі негізде құрылмаған деуге болады.Өйткені: біріншіден, он күн іс-шараның төрт күні (16 наурыздан бастап 20 наурызға дейін) тек қана ұйымдастыру іс-шаралары деп айтуға болады; екіншіден, өткізілген іс-шаралар күнделікті жүргізілетін іс-әрекеттер деуге болады; үшіншіден, жаңашылдығы бар іс-шаралардың қамтылмағандығы анықталды. Бұл ретте, мысал ретінде айтар болсақ, пандемиядан сақтану талаптарын сақтай отырып, офлайн немесе онлайн форматта ауыл тұрғындарын мәдени, спорттық, мерекелік, ұлтаралық және өзге қажетті іс-шараларға қатыстыру арқылы ауылдағы қордаланған мәселелерді анықтап алып, сол өзекті мәселелерді (экономикалық, әлеуметтік, қаржылық, құқықтық сауаттылық) дер кезінде шешу жолдарын қарастыруға болады.

### 2.2.2 Сайрам ауданына қарасты Қарасу ауыл әкімшілігі мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимін әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік тетіктері

Магистрлік жобаның аталмыш бөлімшесінде Сайрам ауданына қарасты Қарасу ауыл әкімшілігі мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимін әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік тетіктерін қарастыратын боламыз. Ол елді мекенде де әлеуметтік сауалнама жүргізген болатынбыз.

Енді сол сауалнамада қойылған сауалдарға берілген жауаптарды жеке зерттеу жүргізіп, тиісті тұжырым жасаймыз.

1. Сіздің жынысыңыз

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді  0 х*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| Ер | 58 | 58,0% |
| Әйел | 42 | 42,0% |




9-сурет - Респонденттердің жынысы

Әлеуметтік сауалнаманың 1-сауалына [34] жалпы 100 адам (9-сурет), оның ішінде 58 ер азаматтар мен 42 әйел азаматшалар нақтырақ жауап беру нәтижесінде сауалнамаға тікелей қатысушылардың жыныстық белгілері бойынша саны мен пайызы анықталды.

2. Сіздің жасыңыз

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді  0 х*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| 18-25 | 9 | 9,0% |
| 26-40 | 37 | 37,0% |
| 41-60 | 48 | 48,0% |
| 61-ден жоғары | 6 | 6,0% |



10-сурет - Респонденттердің жасы

Сол сауалнамада қойылған 2-сауалға [34] жауабын берген 18-25 жастағы жастардың және 61 жастан асқан тұлғалардың саны аз екендігі көрініп тұр (10-сурет). Ал енді осы сауалнамаға қатысқан 24-40 жастағы жастар мен орта буынға жақын жеке тұлғалар санының біршама бар екені анықталды. Одан кейін 41-60 жасқа дейінгі орта буын және аға буынға жақындау тұлғалардың саны көбірек қатысқандығы нақтырақ көрсетілген.

3. Сіздің әлеуметтік мәртебеңіз

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 x, Жауап бермеді 0 x*

| **Жауап нұсқасы** | **Жауаптар** | **Үлесі** |
|---|---|---|
| Жеке кәсіпкер | 14 | 14,0% |
| Мемлекеттік қызметкер | 10 | 10,0% |
| Бюджеттік қызметкер | 31 | 31,0% |
| Жеке компания қызметкері | 14 | 14,0% |
| Студент | 4 | 4,0% |
| Зейнеткер | 3 | 3,0% |
| Жұмыссыз | 24 | 24,0% |




11-сурет - Респонденттердің әлеуметтік мәртебесі

Әлеуметтік мәртебе туралы сауалға жауап беру статистикасынан [34] анықталғандай (11-сурет), осы сауалға жауап берген қатысушылардың 31% бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері болып табылады. Сауалға қатысушылардың 24% жұмысы жоқ тұлғалар болып

шықты. Ал енді 45% жеке кәсіпкерлер, жеке компаниялар мен мемлекеттік қызметкерлер, сондай-ақ студенттер мен зейнеткерлер құраған деп айтуға болады. Бұл ретте айтар кетер ұсыныс, осы ауылдағы жұмыс жасайтын жастарды қатыстыруды нақты қолға алу қажет деп есептейміз.

4. Аудан, ауыл әкімшілігі атқарып жатқан жұмыстар туралы хабардарсыз ба?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді 0 х*

| **Жауап нұсқасы** | **Жауаптар** | **Үлесі** |
|---|---|---|
| Иә | 56 | 56,0% |
| Жоқ | 43 | 43,0% |
| Естуім бар | 1 | 1,0% |




12-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігінің қызметі туралы ақпараттандырылуы

Бұл сауаланама сауалына жауап беру көрсеткіші нақтырақ көрсетіп [34] тұрғандай (12-сурет), өткізілген іс-шаралар жайлы «ия хабардармын» деген елу пайыздан астам екендігі анықталып тұр. Ал енді «естідім» деген жауапты сауалнамаға қатысушылардан тек бір адам ғана берген. Сонымен қатар сол сауалнамаға қатысушылардың қырық пайыздан астамы «хабарым жоқ» деп жауап бергені нақтыланды. Демек, ауыл тұрғындарын хабардар ету мәселесі нақты бар екені белгілі болды. Сондықтан осы мәселені жүйелі түрде ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру қажет деп санаймыз.

5. Аудан, ауыл әкімшілігі тарапынан өткізілген "10 күндік" бағдарламасы туралы хабардарсыз ба?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді 0 х*

| **Жауап нұсқасы** | **Жауаптар** | **Үлесі** |
|---|---|---|
| Иә | 57 | 57,0% |
| Жоқ | 43 | 43,0% |
| Естуім бар | 0 | 0,0% |




13-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасы туралы ақпараттандырылуы

Бұл сауалнамадағы 5-сауалға [34] жауап берген 100 адамның 57 тұлға «ия» деген. Ал енді 43 жеке тұлға «жоқ» деп жауап берген (13-сурет). Демек, Қарасу ауылы тұрғындарының елу пайызға жуығы аталған іс-шаралар жайлы ешбір хабардар болмаған деп түйін жасаймыз.

6. Бесінші сұраққа "Иә" не "Естуім бар" деп жауап берсеңіз, "10 күндік" бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 57 x, Жауап бермеді 43*

| Жауап нұсқасы | Жауап | Үлесі |
|---|---|---|
| Әкімшілік қызметкерлерінен | 53 | 93,0% |
| Әлеуметтік желілерден (Instagram, Facebook, WhatsApp және т.б.) | 1 | 1,8% |
| Ауыл тұрғындарынан | 1 | 1,8% |
| Жұмыстан | 2 | 3,5% |
| Басқа: | 0 | 0,0% |




14-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасы туралы ақпараттандырылу көздері

Сауалнамада қойылған 6-сауалға [34] 53 адам жауап берсе, ал 43 адам жауап бермеген (14-сурет). Сол сауалнамаға қатысушылардың 53 адам іс-шара туралы хабарды әкімшілік қызметкерлерінен естігенін, ал енді қалған 4 адам түрлі жерлерден естігенін айтқан болатын. Демек, әлеуметтік желілерден өте

аз адамдар хабар алған деуге болады. Ауыл тұрғындары да бұл іс-шарадан аз хабардар болған деп айтуға тура келеді. Сондықтан ұйымдастыру бойынша кемшін тұстар көп орын алған деп түйінді тұжырым жасаймыз. Ауылдағы жұмыс орындарына қызметтік хаттар жазылмаған не жазылса да тиісті ұжым мүшелеріне толыққанды хабар жетпеген дегіміз келеді. Ауыл көшелеріндегі белсенді адамдар осы іс-шараға қатыстырылғанымен, жаппай халыққа ол туралы ақпараттарды жеткізу, тіпті жеке айтып шығуға жұмылдырылмаған деуге болады.

7. Бесінші сұраққа "Иә" не "Естуім бар" деп жауап берсеңіз, Сіз үшін "10 күндік" бағдарламасына қалай қатысқан ыңғайлы?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 57 x, Жауап бермеді 43*

| Жауап нұсқасы | Жауап | Үлесі |
|---|---|---|
| Оффлайн кездесу | 39 | 68,4% |
| Онлайн кездесу (Zoom, Teams, WhatsApp, Telegram, Clubhouse және т.б.) | 18 | 31,6% |
| Басқа: | 0 | 0,0% |




15-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасына қатысу қалауы

Сауалнамадағы 7-сауалға 57 адам жауап берген, ал қалған 43 адам жауап бермеген (15-сурет). Сауалнамаға қатысушылардың қырыққа жуық пайызы іс-шараның өтіп жатқан жеріне тікелей қатысуды ыңғайлы көрген. Ал 18 тұлға әлеуметтік желілер арқылы онлайн форматта қатысуды ыңғайлы деп есептеген. Демек, ауыл әкімшілігі қызметкерлері осы жағын толықтай ескермеген деуге болады. Сол себепті осы мәселені реттеу керек деп есептейміз.

8. Бесінші сұраққа "Иә" не "Естуім бар" деп жауап берсеңіз, "10 күндік" бағдарламасын тиімді деп есептейсіз ба?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 57 x, Жауап бермеді 43*

| Жауап нұсқасы | Жауап | Үлесі |
|---|---|---|
| Ия | 55 | 96,5% |
| Көбіне иә | 0 | 0,0% |
| Жоқ | 1 | 1,8% |
| Көбіне жоқ | 1 | 1,8% |




16-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасының тиімділігі

Сауалнамадағы келесі 8-сауалға 57 адам «ия» және екі адам «жоқ, көбіне жоқ» деп жауап берген болса (16-сурет), бұл ретте 43 адам мүлдем жауап бермеген. Бұл статистикадан белгілі болғандай, мұндай іс-шаралардың мәнін толыққанды түсінбегендіктен жауап бермеген деп санаймыз.

9. Алдынғы сұраққа "Жоқ" не "Көбіне жоқ" деп жауап берсеңіз, "10 күндік" бағдарламасын оңтайландыру бойынша қандай ұсыныстар берер едіңіз?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 2 х, Жауап бермеді 98*

- Айтылғанымен ісі орындалған жоқ
- Ақшаны басқа жақа беру, мұқтаж жандарға беру

Сауалнамадағы соңғы сауалға 98 адам еш жауап бермеген. Тек қана 2 адам ұсыныс берген. Сауалға қатысушылардың басым көпшілігі жергілікті атқарушы органның қызметіне толыққанды сенбейтіндігі аңғарылады. Демек, жергілікті билік өкілдерінің халықпен сұхбаттасу режимін жетілдіру тетіктері жайлы аз ойланады деп түйін жасаймыз.

Сонымен, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауыл әкімшілігінің ұйымдастырған он күндік іс-шара жоспары мен өткізілген іс-шараларды,

сондай-ақ жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижесін қорытындылап тұжырым жасаймыз.

Қарасу ауылдық әкімшілігі ұйымдастырған он күндік іс-шара жоспары болғанымен, оларды іс жүзінде жүзеге асырылғанымен, аталған іс-шараны ұйымдастыру, ол іс-шара туралы жаппай жергілікті халыққа жеткізу бойынша бірқатар кемшін тұстары бар екендігі анықталды.

Біріншіден, аталған ауылдық округтік әкімшіліктің қызметкерлерінің басым көпшілігі өздерінің қызметтік құзыреттері мен өкілеттіліктерін, сондай-ақ құқықтары мен міндеттерін білгенімен, оларды тиімді пайдаланып басқару тетіктерін меңгермеген деуге болады.

Екіншіден, әкімшілік қызметкерлері мен кейбір белсенді тұлғалардың арасында қарым қатынас болғанымен, жаппай халықпен байланыс тетіктері толыққанды қолданылмаған.

Үшіншіден, өзге көршілес әкімшіліктермен өзара байланыс болғанымен, осы іс-шара аясында арнайы делегация бару көзделмеген деуге болады.

### 2.2.3 Сайрам ауданына қарасты Манкент ауыл әкімшілігі мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимін әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік жолдары

Магистрлік жобаның аталған бөлімшесінде Сайрам ауданына қарасты Манкент ауыл әкімшілігі мемлекеттік қызметшілерінің халықпен сұхбаттасу режимін әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибелік жолдарын арнайы зерделеп қарастырамыз.

1. Сіздің жынысыңыз

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 x, Жауап бермеді 0 x*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| Ер | 59 | 59,0% |
| Әйел | 41 | 41,0% |




17-сурет - Респонденттердің жынысы

Әлеуметтік сауалнаманың 1-сауалына [35] жалпы жауап берген 100 адам, оның ішінде 59 ер адамдар мен 41 әйел адамдар екендігі белгіленді

(17-сурет). Демек, сауалнамаға қатысушылардың алпыс пайызға жуығы ер кісілер болса, ал қалған қырық пайыздан сәл астам әйел кісілердің құраған деуге болады.

2. Сіздің жасыңыз

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді 0 х*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| 18-25 | 26 | 26,0% |
| 26-40 | 26 | 26,0% |
| 41-60 | 19 | 19,0% |
| 61-ден жоғары | 29 | 29,0% |




18-сурет - Респонденттердің жасы

Сауалнамаға қатысушылардың жас ерекшеліктері бойынша осы статистикалық мәліметтен [35] көрінгендей (18-сурет), 61 жастан асқан жалпы қатысушылар отызға жуық пайызды құраған. Оған жақын пайызды көрсеткен жастар мен орта жасқа жақын тұлғалар, сондай-ақ олармен бірдей пайызды көрсете білген орта жасқа және аға буын жасқа жақын тұлғалар тікелей қатысқандығы көрініп тұр.

3. Сіздің әлеуметтік мәртебеңіз

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді 0 х*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| Жеке кәсіпкер | 18 | 18,0% |
| Мемлекеттік қызметкер | 4 | 4,0% |
| Бюджеттік қызметкер | 14 | 14,0% |
| Жеке компания қызметкері | 21 | 21,0% |

| | | |
|---|---|---|
| Студент | 9 | 9,0% |
| Зейнеткер | 17 | 17,0% |
| Жұмыссыз | 17 | 17,0% |




19-сурет - Респонденттердің әлеуметтік мәртебесі

Әлеуметтік мәртебе жайлы сауалға жауап беру мәліметтен [35] белгілі болғандай (19-сурет), тиісті сауалға жауап берген қатысушылардың 21% жеке компания қызметкерлері болып табылады. Сауалға қатысушылардың 18% жеке кәсіпкер құраған. Ал енді оған қатысқан 17% жұмыссыздар мен зейнеткерлер құраған деуге болады. Оның он төрт пайызын бюджет қызметкерлері, ал студенттер тоғыз пайызын, сондай-ақ мемлекеттер қызметкерлері болса төрт пайызды құрап тұр.

4. Аудан, ауыл әкімшілігі атқарып жатқан жұмыстар туралы хабардарсыз ба?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді 0 х*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| Иә | 36 | 36,0% |
| Жоқ | 33 | 33,0% |
| Естуім бар | 31 | 31,0% |




20-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігінің қызметі туралы ақпараттандырылуы

Бұл қойылған сауалға берілген тиісті жауаптар нәтижесінен [35] көрініп тұрғандай (20-сурет), «ия» деп жауап бергендер 36 пайызды, ал «естуім бар» деп жауап бергендер 31 пайызды құраған десек болады. Ал енді «жоқ хабарсызбын» деп жауап бергендердің саны 31 пайыз екендігі белгілі болды.

5. Аудан, ауыл әкімшілігі тарапынан өткізілген "10 күндік" бағдарламасы туралы хабардарсыз ба?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 100 х, Жауап бермеді 0 х*

| Жауап нұсқасы | Жауаптар | Үлесі |
|---|---|---|
| Иә | 35 | 35,0% |
| Жоқ | 36 | 36,0% |
| Естуім бар | 29 | 29,0% |




21-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасы туралы ақпараттандырылуы

Сауалнамадағы 5-ші сауалға [35] «ия» және «жоқ» жауап бергендердің жалпы саны бір-біріне шамалас болғандығын көреміз (21-сурет). Ал енді «естуім бар» деп жауап берген саны 29 болған. Демек, он күндік іс-шара туралы хабардар болғандардың жалпы саны 64 тұлға екен.

6. Бесінші сұраққа "Иә" не "Естуім бар" деп жауап берсеңіз, "10 күндік" бағдарламасы туралы қайдан білдіңіз?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 64 х, Жауап бермеді 36*

| Жауап нұсқасы | Жауап | Үлесі |
|---|---|---|
| Әкімшілік қызметкерлерінен | 29 | 45,3% |
| Әлеуметтік желілерден (Instagram, Facebook, WhatsApp және т.б.) | 4 | 6,3% |
| Ауыл тұрғындарынан | 22 | 34,4% |
| Жұмыстан | 9 | 14,1% |

| | | |
|---|---|---|
| Басқа: | 0 | 0,0% |




22-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасы туралы ақпараттандырылу көздері

Бұл мәліметтен [35] нақты белгілі болғандай (22-сурет), он күндік іс-шара туралы ақпаратты 29 адам әкімшілік қызметкерлерінен, 22 адам ауыл тұрғындарынан, 9 адам жұмыстан, 4 адам әлеуметтік желілерден естігенін айтқан. Олардың жалпы саны 64 адам. Ал енді ол сауалға 36 адам жауап бермеген. Бұл ретте олардың еш естімегендіктен солай жауап бермеген деуге болады.

7. Бесінші сұраққа "Иә" не "Естуім бар" деп жауап берсеңіз, Сіз үшін "10 күндік" бағдарламасына қалай қатысқан ыңғайлы?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 64 x, Жауап бермеді 36*

| Жауап нұсқасы | Жауап | Үлесі |
|---|---|---|
| Оффлайн кездесу | 43 | 67,2% |
| Онлайн кездесу (Zoom, Teams, WhatsApp, Telegram, Clubhouse және т.б.) | 21 | 32,8% |
| Басқа: | 0 | 0,0% |




23-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасына қатысу қалауы

Сауалнамада қойылған сауалға [35] жауап қатқан 43 адам іс-шара өтетін жерге барып қатысуға қалайтындығын айтқан болса (23-сурет), ал 21 адам әлеуметтік желілер арқылы сондай іс-шараларға қатысқан жқн деп біледі. Демек, аталған елді мекен әкімшілігі мәселені шешуді қолға алуы керек деп санаймыз.

8. Бесінші сұраққа "Иә" не "Естуім бар" деп жауап берсеңіз, "10 күндік" бағдарламасын тиімді деп есептейсіз ба?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 64 х, Жауап бермеді 36*

| Жауап нұсқасы | Жауап | Үлесі |
|---|---|---|
| Ия | 43 | 67,2% |
| Көбіне иә | 15 | 23,4% |
| Жоқ | 4 | 6,3% |
| Көбіне жоқ | 2 | 3,1% |




24-сурет - Респонденттердің аудан, ауыл әкімдігімен өтікізілген «10 күндік» бағдарламасының тиімділігі

Сауалнамада [35] қойылған келесі сауалға 43 адам «ия» және 15 адам «көбіне иә» деп жауап берген (24-сурет). Олардың жалпы саны 58 адам. Ал 6 адам ондай іс-шара тиімді емес деп есептейді. Бұл ретте 36 адам мүлде жауап бермеген. Демек, ол сауалнамаға қатысқан 42 адам аталған іс-шараның тиімділігіне сенімсіздікті білдірген деуге болады. Ендеше сол аталған ауыл әкімшілігінің жалпы қызметкерлері халық арасында сенімсіздіктен гөрі сенімділікті орнату үшін ыждахатты еңбек етулері қажет деп есептейміз.

9. Алдынғы сұраққа "Жоқ" не "Көбіне жоқ" деп жауап берсеңіз, "10 күндік" бағдарламасын оңтайландыру бойынша қандай ұсыныстар берер едіңіз?

*Жеке Таңдау , Жауап берді 6 х, Жауап бермеді 96*

- Өздері шешеді не істейтінін
- Сөз жүзінде жақсы, орындалуында күмән бар
- Өздеріне керегін істейді
- Халықты көбірек қатыстыру керек
- Сенім жоқ оларға
- Ақшаны мұқтаж адамдарға беру керек

Сауалнамадағы соңғы қойылған сауалға 96 адам жауап бермеген. Тек 6 адам ғана тиісті жауаптарын берген. Сонымен бірге өзіндік ойларын ашық айтқан деуге болады. Демек, он күндік іс-шараны тиімді емес есептейтіндер де бар деуге болады.

Сол себепті Түркістан облысының Сайрам ауданына қарасты Манкент ауылдық әкімшілігі ұйымдастырған он күндік іс-шара жоспарына қатысты жасалған әлеуметтік сауалнама мен жеке ғылыми-тәжірибелік бақылаудың нәтижесін қорытындылай келе, аталған іс-шаралар ұйымдастырып өткізілген, дегенмен, әкімшілік қызметкерлер іс-шаралар жоспарын түзуді ұйымдастыру, оларды үйлестіру, әсіресе өткізілетін іс-шаралар жайлы ақпаратты беру, олар бойынша толыққанды түсіндірме жұмыстары кемшін деңгейде жүргізгендігі анықталды. Демек, осы жағын түзету керек деп санаймыз.

Сонымен, Түркістан облысы, Сайрам ауданына қарасты Қарабұлақ, Қарасу және Манкент ауылдық әкімшіліктің он күндік іс-шараға орай арнайы ұйымдастырған іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен орындалуына қатысты әлеуметтік сауалнама мен өзімнің жеке ғылыми-тәжірибелік бақылауымды назарға ала отырып, салыстырмалы талдау негізін жүргіземіз.

Бұл ауылдық әкімшіліктердің өткізілген іс-шараларының атауы, өткізу тәсілі негізінен бір-біріне жақын ұқсас келеді деп білеміз. Мысалы, әлеуметтік сауалнамаға қатысушылардың саны, жыныстық белгілері және өзге негіздері бойынша жалпы ұқсастық бар. Бұл ретте іс-шаралар жоспары, әсіресе халыққа іс-шаралар туралы хабарлама беру бойынша үлкен кемшіліктердің орын алған деп есептейміз. Аталған әкімшіліктердің қызметкерлері әлеуметтік желілер жағын аз пайдаланған деп айтуымызға болады. Хабарламалар барлық жаппай халыққа емес, тек қана белсенді адамдар мен мемлекеттік және жекеменшік мекемелер қызметкерлеріне жеткізілген деп түйіндеуге болады. Біздің ойымыз бойынша жалпы ұқсастық бар деп айта аламыз.

Енді негізгі айырмашылықтарын айтып кетейік. Манкент елді мекенінің зейнеткерлік жасқа жақын және зейнеткерлер он күндік іс-шараларға белсенді қатысқан, ал енді Қарасу мен Қарабұлақ ауылының егде кісілер әжептәуір аз қатысқан деуге болады. Демек, соңғы екі ауыл әкімшілігі ардагерлермен жеке жұмыс жасағанымен, оларды он күндік іс-шараларға тартуға толықтай ықпал етпеген дегіміз келеді.

Сауалнамаға қатысушы жеке кәсіпкерлердің (яғни 33) саны бойынша Қарабұлақ ауылы алда тұр. Манкент пен Қарасу ауыл кәсіпкерлері де жалпы сауалнамаға қатысушылардың ішінде 18 және 14 пайызды құраған. Бұл да жақсы көрсеткіш деуге болады. Демек, ауыл әкімшілігі кәсіпкерлермен тығыз қарым қатынасы бар деп түйіндейміз.

Сауалнамаға қатысушы бюджеттік қызметкерлерінің жалпы (яғни 31) саны бойынша Қарасу ауылы алда тұр екен. Бұл ретте Қарабұлақ ауылы мен Манкент ауылының бюджет қызметкерлері де әжептәуір саны қамтылған деп айта аламыз. Демек, барлық әкімшіліктер тікелей мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемеге өз құзыреті мен өкілеттіліктермен ықпалы бар десек болады.

Сауалнамаға қатысушы жеке компания қызметкерлерінің (21 адам) саны бойынша Манкент ауылы алда тұр. Оған Қарасу ауылынан 14 адам, ал енді Қарабұлақ ауылынан 9 адам қатысқан. Демек, кәсіпкерлік субъектілері құрған компаниядан қызметкерлер келген деп топшылауға болады. Яғни олар жеке кәсіпкерлерден де іс-шара туралы естіген болуы керек.

Сауалнамаға қатысушы жұмыссыздар саны бойынша Қарасу ауылы алда тұр. Өзге екі ауылдың жұмыссыздардың саны жалпы сауалнамаға қатысушы тұлғаларға қарағанда аз емес. Сондықтан ауылдағы жұмыссыздық мәселесі шешілмейінше жергілікті билікке деген сенім күшеймейді деп білеміз. Ал үш ауылдың студенттері де аздау қамтылған деуге болады. Дегенмен де, олар оқу үдерісінде екенін назарға аламыз. Демек, үш әкімшілік қызметкерлері осындай мәселелерді дер кезінде ұйымдастырып әрі үйлестіруі тиіс деп санаймыз.

Ендігі кезекте Сайрам ауданы бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркейтін «Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (ЭҚАБЖ)» қызметін саралаймыз.

2017 жылдан бастап Сайрам ауданында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу «Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (ЭҚАБЖ)» [36] арқылы өтті. ЭҚАБЖ – мемлекеттік органдардың іс қағаз жүргізу процессінің тиімділігін және айқындығын арттыруға бағытталған. ЭҚАБЖ жүйесі арқылы электронддық құжаттарды жеткізу уақыты қысқарды, құжаттардың тіркеу уақытысымен қажетті құжат іздеу уақытысы азайды. ЭҚАБЖ жүйесі арқылы келіп түскен жеке және заңды тұлғалар өтініштерін тиімді зерделеу мүмкіншілігі анықталды.

Екінші кестеге [36] назар аударсақ 2017 жылда бастап 2019 жылға дейін өтініштер саны тұрақты өсе келе, 2020 жылы өтініштер саны күрт азайды.

*2-ші кесте*

| **Есепті кезең** | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **Өтініштер саны** | 9527 | 10179 | 11034 | 6606 |

2-кесте. Өтініштер саны

Үшінші кестеде [36] өтініштердің қанағаттандырылуы көрсетілген.

*3-ші кесте*

| Есепті кезең | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **Қанағаттандырылған өтініштер саны** | 2078 (21,81%) | 4836 (47,50%) | 6739 (61,07%) | 4026 (60,94%) |

3-кесcте. Қанағаттандырылған өтініштер саны

Жылдан жылға өтініштердің қанағаттандырылуы өскенмен өтініштер саны азаймаған.

Сол себепті 2017-2020 жылдар аралығында келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін мәселе сипатына бөлгенде кезде, келесідей ең жиі кездесетін сұрақтарға ие болдық [36] (4 кесте).

*4-ші кесте*

| Есепті кезең | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **Жерді пайдаланудың жалпы мәселелері** | 5986 | 7030 | 5898 | 3739 |
| **Мемлекеттік құрылым мәселелері** | 608 | 724 | 750 | 220 |
| **Халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері** | 866 | 925 | 911 | 1362 |
| **Жалпы келіп түскен өтініштердің арасындағы үлесі** | 82,09 % | 82,26 % | 68,50 % | 80,54 % |

4-кесте Өзекті мәселелер бойынша түскен өтініштер саны

Көрсетілген 3 сұрақ жалпы келіс түскен өтініштердің ішінде шамамен 80% құрайды. Қалған 20 % Денсаулық сақтау, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, құрылыс, автокөлік жолдар, кәсіпкерлік, білім беру сияқты салаларына қатысты.

2019 жылы 3 сұрақты жалы үлесі 68,50 %-ға дейін түскен болатын, мұндай өзгеріс Сайрам ауданымен Шымкен қаласы арасында ауқымды жол құрылысы салдарынан болған. Сол жылы жол құрылысына қатысты 1246 (11,29%) өтініш келіп түскен болатын. Басқа кезеңдерде осы 3 өтініштердің үлесі 82-80% аралығын құрап тұратын.

Мен сіздердің назарларыңызды жерді пайдаланудың жалпы мәселелеріне қатысты келіп түсетін сұрақтарға назар аударғыларыңызды келеді. Ең көп өтініштер жер мәселесіне қатысты. Сайрам ауданының халық санын ескерсек (218 599 адам) бұл түсінікті [36]. 2019 жылдың аяғында жеке

тұрғын үй салу үшін жер кезегіне тұру мәселесі мемлекеттік қызмет көрсетуге ауысу салдарынан 11034 өтініштен 6606 өтініштер саны төмендеген, яғни 40,14% пайызға азайған.

